



АРНАЙЫ ЖОСПАР



ҚОЛЖЕТИМДІ
ӘРІ САПАЛЫ

4

КИНОКЕҢІСТІК



ВЕБ-СЕРИАЛДАР-
ДЫҢ ДА
САЛМАҒЫ БАР

6

ЕҢБЕК АДАМЫ



«ҚАРАМАЙ
ДАУЫЛДАРҒА,
ЖАУЫНДАРҒА...»

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.11.2022

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

13.11.2022

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №134 (6269) 12 қараша, сенбі, 2022 жыл.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АТАЖҰРТЫ»

Самарқандта Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті өтті



Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысу үшін Самарқандқа жұмыс сапарымен барды. Қазақ елінің басшысын Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев қарсы алды. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымы саммитінің отырысында сөз сөйледі.

2

Президент сайлауына

8 КҮН ҚАЛДЫ

ӘКІМ

ЖЕТІСУДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС КӨП

Шаһар басшысы Ерболат Досаев
аудан тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала басшысының бұл жолғы кездесуі «Көкжиек» ықшамауданындағы №177 мектептің мәжіліс залында өтті. Қала әкімі алғашқы сөзінде алдыңғы кездесулердің қорытындысы бойынша 89 тапсырма берсе, олардың 90%-ға жуығының іске асып, орындалғанын жеткізді. Оның айтуынша, әлі де 11 тапсырма бойынша жұмыс жүріп жатыр. Кездесу барысында шаһар басшысы Жетісу ауданын одан әрі дамыту бойынша қабылданған іс-шаралар мен атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

3

ҚЫСҚА...

- Түркі мемлекеттері ұйымы Сыртқы істер министрлерінің кеңесі өтті.
- Еуропалық 6 ірі компания өндірісін Қазақстанға көшіру туралы шешім қабылдады.
- Қазақстан Әзербайжан мұнай құбыры арқылы мұнай экспортын ұлғайтады.
- Қолайсыз ауа райына байланысты алматылық жүргізушілерге жолда абай болу ескертілді.
- Алматыда «Саяхат» автобекеті маңынан жаңа емхана салынады.
- Қазақстанда колледждер альянсы құрылды.
- Мектеп оқушыларын тамақтандыру жүйесі өзгереді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АТАЖҰРТЫ»

Самарқандта Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті өтті



(Басы 1-бетте)

«Түркі мемлекеттері ұйымының осы кезекті басқосуы әлемнің мақтанышы – көне Самарқанд шаһарында өтіп жатыр. Бұл қала тарихи тамыры терең өркениет ошағы ретінде бүкіл әлемге танымал. Самарқанд қаласы Жібек жолының алтын көпірі екенін барша түркі халықтары мойындаған», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Сондай-ақ, Президент қазақ жері – Түркі әлемінің атажұрты екенін де айта кетті.

Осы киелі жерде Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық ету құқығы Өзбекстан Республикасына берілді. Қазақстан Президенті Өзбекстан тарапы бұл міндетті абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

«Қазақстан түркітілдес мемлекеттермен достық және тату көршілік қатынастарды дамытуға күш салып келеді. Соның бір айғағы – еліміздің бастамасымен қабылданған «Түркі әлемінің келешегі – 2040» құжаты. Оны іске асыру үшін бүгін Түркі мемлекеттері ұйымының стратегиясы қабылданбақ», – деді Президент саммит барысында. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, аталған құжат түркітілдес мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге ықпал етеді.

«Бұл құжат елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге және тұрақтылық белдеуін нығайтуға ықпал етері сөзсіз. Біз өңірлік және жаһандық мәселелерді шешуге белсене атсалысып, қуатты күшке айналуымыз керек. Қазір геосаяси, геоэкономикалық қайшылықтар салдарынан Еуразия-

дағы экономика және көлік-логистика жүйесі ыдырап барады. Сын-қатерлерді еңсеру үшін күш-жігерімізді біріктіруіміз қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент ТМҰ саммитінде «Түркі жасыл қаржы кеңесін» құруды ұсынды.

«Жасыл экономиканы дамыту – аса маңызды міндет. Климаттың өзгеруі көптеген жаһандық сын-қатерлер тудырып отыр. Бұл – бүкіл халықаралық қауымдастықты алаңдатып отырған мәселе. Оның экологиялық салдары елдеріміздің өркендеуіне кедергі келтіреді», – деді Мемлекет басшысы. Президент «Түркі жасыл қаржы кеңесін» «Астана» халықаралық қаржы орталығының Жасыл қаржы орталығы негізінде ашуға болатынын атап өтті.

Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі елдері университеттерінің ортақ желісін құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. «Түркі мемлекеттерінің білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту қажет. Осыған орай, біз 2023 жылы Қазақстанда II Түркі универсиадасын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Оны Түркі университеттері одағы аясында өткізуге болады», – деп атап өтті Қазақстан Президенті. Бұл ретте Мемлекет басшысы түркі мемлекеттері арасында жоғары оқу орындарының бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымы саммитінің отырысында транзит-көлік ком-

муникациясының әлеуетін арттырудың маңызы жайлы да сөз қозғады.

«Қазіргі алмағайып кезеңде транзит-көлік коммуникациясының әлеуетін арттыру және оның мүмкіндігін барынша пайдалану аса маңызды. Себебі, біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тікелей байланыстырады. Бауырлас үш ел арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік дәлізі – соның жарқын мысалы. Сондықтан біз көлік-логистика саласына ерекше мән береміз. Соңғы 15 жылда Қазақстан осы саланы дамытуға 35 миллиард доллар қаржы бөлді. Біз көлік бағдарын көбейтуге және логистиканы өзара ықпалдастыруға мүдделіміз. Сол үшін 2025 жылға дейін тағы 20 миллиард доллар инвестиция тартуды көздеп отырмыз», – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынды.

«Түркі елдерінің рухани дереккөздерін зерделейтін жобаларға ерекше көңіл бөлгеніміз абзал. Ол үшін елдеріміздің мұрағаттары өзара ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Келешекте соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының «Цифрлық кітапханасын» құруға болады. Бұл жұмыс құнды құжаттар мен сирек кітаптарды ұрпаққа мұра етіп қалдыруға мүмкіндік берер еді», – деді Қ.Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КӨРКІНЕ КӨЗ ТОЙМАЙТЫН
СҰЛУ ҚАЛА

Күні кеше Самарқандта Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті өткені белгілі. Онда еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Түркі әлемінің інжу-маржанына балапатын Жібек жолы бойындағы қалаға барған сапарымызда көрген-білгендерімізді бір сәт ой елегінен өткізген едік.

Еуропа, АҚШ, Канада, Жапония сияқты дамыған елдердің азаматтары жылына бір емес, бірнеше мәрте саяхаттайды. Көбіне Араб Әмірліктеріне, Мальдив пен Багам аралдарына, Түркия, Египетке жол тартады. Табысының бір бөлігін арнайы турларға бөледі. Осы аталған мемлекеттердің кейбірінде жұмыс орны арнайы жолдама береді. Соның арқасында ғажайыпқа, қызыққа толы демалыс сәттерін өткізеді. Мұхит пен теңізге шомылады. Адам аяғы баспайтын, тау-тасты жабайы табиғатқа шығады.

Біз де кезекті еңбек демалысының жалғасын Самарқанға арнадық. Ташкенттен «Афрасияб» жедел пойызына отырдық. Бағасы валютамызға шаққанда шамамен 8 мың екен. Вагондар судай жаңа. Ішінде жап-жас, ұзын бойлы, сымбатты қыз-жігіттер қызмет көрсетті. Бір реттік жеңіл-желпі ас берді. Қоңырсалқын кондиционер қойылып тұр. Осылайша төрт сағаттық жолды екі сағаттың төңірегінде жүріп өттік.

Өр қалада такси бағалары да әртүрлі сияқты. Бұл жердігілер тым қымбат жолақы сұрамайды екен. Қалтаға қолайлы қаражатпен қонақүйге жеткізіп салды. Жаңадан Афрасияб қаласын ашып, қалпына келтіре бастапты. Қалада қызу құрылыс жүріп жатыр.

Біз атақты Регистанға бардық. Үш ғимарат бір-біріне қарата салыныпты. Бұл тарихи ғимараттарды қазақтан шыққан Жалаңтөс баһадүр бабамыз салдырған көрінеді. Орта ғасырлық араб, парсы стиліндегі ою-өрнекті байқадық. Әсіресе, кешқұрым кісі қарасы көбейеді. Суретке түсіп, тамсанып жүрген бір адам. Қандас ағайындарды көп кезіктірілді. Олар да бізге жылышырай танытып, ел-жерімізді сұрасып жүрдік.

Күллі әлемге әмірі тараған Ақсақ Темірдің кесенесіне бардық. Қаланың қақ ортасында орналасыпты. Жан-жағы ашық екен. Өзіміз кешқұрым барғандықтан, билет алып ішке кіре қоймадық. Одан ертесіне Әмір Темірдің зайыбы Бибі ханымның мешітін көрдік. Регистан мен Бибі ханым кесенесі аралығында кең Арбат салыныпты. Жолдың екі жаны қонақүй, хостел, түрлі сауда орындары мен дәмханалар екен.

Орта ғасырда обсерватория салған атақты билеуші Ақсақ Темірдің ұрпағы Ұлықбектің астрономиялық орталығына сапарладық. Жергілікті жұрт «Мырза Ұлықбек» деп атайтын көрінеді. Аспан әлемін бақылауға арнайы осы қала таңдалуында өзіндік мән бар шығар деген ойға қалдық. Ол жағы жылнамашылар мен тарихшыларға аян болар.

Білген адам Самарқан шаһарынан көп тағылым жинайды. Жергілікті жұрттан қазақтың үш биінің бірегейі Әйтеке бидің мазарын сұрадық. Білетіндер ардақты тұлғамыздың бейіті осы шаһарға жақын жердегі Нұратада орналасқандығын меңзеді. Біз болсақ, талай даналарымыздың даңқы асқан, айбыны биіктеп, билігі жүрген жерлердің жанымызға жат еместігіне тағы бір мәрте көз жеткізіп келдік.

P.S.

Адам ғұмырының жарқын сәттері көп болғаны абзал. Оны әркім әртүрлі ұғар. Десе де, күш-қуатың, жалының барда дүниені кезгенге ештеңе жетпейді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖОБА

Алматы қаласы Almaty Data Lake жобасы бойынша IEEE Smart Cities Awards 2022 халықаралық «ақылды қалалар» байқауының финалисі атанды.

Досбол
АТАЖАН

Ірі халықаралық техниктер IEEE қауымдастығы «ақылды қалаларды» құрудағы ерекше жетістіктері үшін әлемнің 14 қаласын марапаттады. Финалистер қатарына Алматы қаласы Almaty Data Lake жобасымен мемлекеттік органдар және коммерциялық компаниялар

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА» ЖОЛЫНДАҒЫ СӘТТІ ҚАДАМ

арасында деректер алмасу платформасын құрғаны үшін кірді.

Almaty Data Lake (Алматы қаласының Бірыңғай деректер қоймасы) жобасы – Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының «ақылды қала» стратегиясының негізгі инфрақұрылымдық жобаларының бірі. Бұл жоба қазіргі уақытта коммуналдық қызметтер саласында тиімділігін көрсетті. Азаматтардың мекенжай бойынша тіркелген саны туралы мәліметтерді өзектендіру, яғни дәл қазіргі сәттегі мәліметті анықтау арқылы коммуналдық қызметтерді жеткізушілер өздерінің көпжылдық қарыздарын қайтара бастады.

Дегенмен, жобаның негізгі міндеті – қала тұрғындары үшін тиімді

әрі оңай электронды қызметтерді әзірлеу. Бұл Сингапурлық Citizen 360° моделіне сәйкес келеді, онда деректерді дұрыс басқару «адам деректер артынан емес, деректер адам артынан жүгіреді» принципі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2023 жылы студенттер мен оқышлар үшін қоғамдық көлікте жол жүруге арналған «Оңай» картасын цифрлық форматқа көшіру жоспарлануда, бұл картаны алуды құту уақытын бірнеше аптадан 15 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қалалық қызметтер әлеуметтік қолдау шараларын жақсы жоспарлай алатындай етіп, қалада тіркелген жері бойынша азаматтардың әлеуметтік мәртебесін анықтау процесін автомат-

тандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Сервистерді алу – азаматтың деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілдерінің келісімімен ғана мүмкін болады. Мысалы, егер бірінші курс студенті онлайн-режимінде «Оңай» жеңілдік картасын тез алғысы келсе, оған смартфондағы қосымша арқылы өзінің жеке деректерін тексеруге келісім беруі қажет болады», – деді жоба жетекшісі Аида Дәрменова.

Айта кеткен жөн, Institute of Electrical and Electronics Engineers, IEEE – техника саласындағы мамандардың халықаралық коммерциялық емес қауымдастығы, радиоэлектроника, электротехника және есептеу жүйелері мен желі-



лерінің аппараттық құралдары бойынша стандарттарды әзірлеу саласындағы әлемдік көшбасшысы. Бұл әлемнің 160-тан астам елінде 400 000-нан астам мүшесі бар әлемдегі ең ірі техниктер қауымдастығы.



ӘКІМ

ЖЕТІСУДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС КӨП

Шаһар басшысы Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖАҢҒЫРА БАСТАДЫ

Биылғы жылдың қыркүйек айында қала басшысымен болған кездесуде тұрғындар тарапынан «Құлагер» ықшамауданындағы жылумен жабдықтау желілерін (1,7 км) реконструкциялау жұмыстарын тездету туралы мәселе көтерілген еді.

Көп ұзамай «Құлагердегі» жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары жедел түрде қолға алынып, қазан айының соңында сәтімен аяқталды. Жүргіншілерге қиындық туғызған құбырлар түгел жер астына ауыстырылды. Бұзылған асфальттар қалпына келтіріліп, ескі жерүсті құбырлары бөлшектеп алынып жатыр. Аудан көлеміндегі Қазыбаев көшесі, Рысқұлов даңғылы, Тәтібеков көшесі, Райымбек даңғылы бөлігіндегі ұзындығы 57,9 км сумен қамту желілерін реконструкциялау және канализация салу жұмыстары аяқталып келеді. Бұл ретте қазылған барлық көшелер биылғы қараша айының соңына дейін қалпына келтірілетін болады.

ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ АЗАЯДЫ

Жетісу ауданында мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы әлі де бар. Осындай орын тапшылығын қысқарту мақсатында 3 мектепке қосымша құрылыс салу жұмыстары жүргізілуде.

Осы қыркүйек айында №148 мектепте 300 орынды қосымша құрылыс салу басталды. Жұмыстар келесі оқу жылының басында аяқталады. Сондай-ақ, қазан айында №101 мектептің акт залын салу басталды, ол да 2023 жылдың тамыз айында аяқталады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығын қысқарту мақсатында 440 орынды 2 балабақшаның құрылыс-монтаждау және жобалау жұмыстары жүргізілуде. «Айнабұлақ-4» ықшамауданында 160 орынды балабақшаның құрылысы басталды. Құрылыс жұмысы келесі жылдың маусым айында аяқталуы тиіс. Осы жылдың маусым айында жекеменшікте болған екі қабатты әкімшілік ғимараты сатып алынды. Қазіргі уақытта 280 орынды балабақшаны күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Жобалау желтоқсанда аяқталып, құрылысы 2023 жылдың I-ші тоқсанында басталады. Бұл мектепке дейінгі мекемеге Ратушный-Қазыбаев-Серіков-Рысқұлов көшелерінде тұратын бүлдіршіндер баратын болады.

БАЛАЛАР СПОРТПЕН КӨПТЕП АЙНАЛЫСАТЫН БОЛАДЫ

Жетісу ауданында балалар мен мектеп оқушыларын жаппай спортпен шұғылдануға тарту мақсатында осы жылдың наурыз және қазан айларында «Кемел» шағынауданында ауысымына 94 келушіні және

«Айнабұлақ» шағынауданында 100 келушіні қабылдайтын 2 денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды.

Сондай-ақ, осы жылдың 14 қарашасынан бастап «Құлагер» ықшамауданында ауысымына 150 келушіні қабылдайтын денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылады.

ҚАУІПСІЗДІК МАҢЫЗДЫ

Осы жылдың басынан бастап жалпы ауданы 28 мың шаршы метр болатын 124 жол учаскесіне ағымдағы (шұңқыр) жөндеу жүргізілді, ұзындығы 26,3 км 21 көше орташа жөндеуден өтті. Олардың қатарында «Көкжиек» ықшамауданында тротуарлар мен арықтармен бірге жолдарға да жөндеу жүргізілді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жыл соңына дейін адам көп жиналатын орындарда (білім беру объектілерінде – 263, аулаларда – 130, саябақтар мен скверлерде – 152, жол қиылыстарында – 52) 597 бейнекамера орнатылады. Қолданыстағы 490 бейнебақылау мен 86 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенге қосымша 2023 жылдың I-ші тоқсанында 399 камераға арналған 85 «Сергек» кешені орнатылады. Барлық жұмыс аяқталғаннан кейін Жетісу ауданында бейнебақылаулар саны 996 бірлікке дейін көбейеді.

ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫ

Қала басшысымен болған өткен жолғы кездесулерде Жетісу ауданының тұрғындары жеке секторды, атап айтқанда «Жұмысшы» кентіндегі су басу мәселесін көтерген болатын. Осыдан кейін аудан әкімдігінің басшылығымен Брюсов көшесі бойындағы үйлерді үнемі су басу проблемасы жойылды.

Бұған қоса, 16 мекенжайда ұзындығы 7,1 км арық реконструкцияланды.

Сонымен қатар, ауданда қатты жауын жауған кезде тұрақты түрде су басып қалатын 8 учаске бар. Төтенше жағдай желісі бойынша бұл проблеманы шешу үшін ұзындығы 7,2 км арық желісін салу, 2,2 км коллекторды қалпына келтіру және 2,5 км Есентай арнасында тазарту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады.

Келесі жылы Экология және қоршаған орта басқармасының желісі бойынша ұзындығы 27 км болатын 27 учаскеге арық желілерін салу жоспарланып отыр.

2022 жыл Жетісу ауданында қоғамдық кеңістіктерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша табысты жыл болды. Мәселен, Есентай өзенінен Черновицкая көшесіне, Кіші Алматы өзенінен Коперник көшесіне дейін, Қарасуда Омаров көшесінен Қазыбаев көшесіне дейін жаңа жаға-

лаулар салынды. «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзенінің жағасындағы қараусыз қалған аумақ та жақсарды. Экология және қоршаған орта басқармасының жобасы бойынша бұл учаскеде Есентай өзенінің бойымен 16 гектар жаңа серуендеу аймағы құрылды.

ТОЛҒАНДЫРҒАН САУАЛДАР

Қала әкімінің баяндамасынан кейін Жетісу ауданының тұрғындары шаһар басшысына өздерін мазалайтын маңызды сауалдарын қойды.

Алғашқылар арасында сауал жолдаған Жетісу ауданының тұрғыны қазандық жұмысына шағым айтты.

– №2 қазандық туралы сұрақ қойғым келеді. Биыл тағы біраз уақыт ыстық су болған жоқ. Екінші сұрағым, «Көкжиек» ықшамауданында автобус аялдмасы жоқ. Биыл 4 аялдама салынады деген, бірақ әлі істелмеді.

– Қала бойынша 86 қазандық бар. Біреуінің жағдайы жақсы, бірінікі нашар. Сондықтан жөндеу жұмыстары кейде ұзаққа созылады. Енді келесі жылдан бастап қалаға ортақ техникалық регламент орнату мәселесін қарастырамыз. 1 қаңтардан бастап өзгерістер енгіземіз. Екінші сұрақ бойынша, биыл ауданда 30 аялдама орнатылды. «Көкжиек» ықшамауданы келесі жылдың жоспарында бар.

Жетісу ауданының тағы бір тұрғыны жол жөндеу мәселесі туралы сұрады.

– Мен Қоянды көшесінде жолдың жоқтығы туралы хабарласқанмын. Осыған шара қолданасыздар ма? Содан кейін, Сүйінбай даңғылында Баянауыл көшесіне жетпей дәріхана жанында аялдама қойылған. Сол жерге жаяу жүргіншілер жолын жасасаңыздар.

– Қоянды көшесіне асфальт қараша айының соңына дейін төселеді. Екінші сұрақ бойынша, Сүйінбай даңғылы магистральды көше. Ол жерде жаяу жүргіншілер жолын жасау қиын. Бағдаршамнан төмен қарай жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі бар. Сондықтан дәл дәріхана жанынан сала алмаймыз, – деп түсіндірді Е.Досаев.

Өз кезегінде сұрақ қойған тұрғын ағаш егу және отырғызу мәселесін қозғады.

– «Айнабұлақ-3» шағынауданында тұрамын. №120 үйдің артындағы аллеяда қайың ағаштары кесілген, соның орнына жаңа ағаш отырғызсаңыздар бола ма?

– Ол жерде ескі ағаштары кесу жұмыстары жүргізілді. Барлығы 26 ағаш кесілген. Оның орнына ай соңына дейін он есе қылып, яғни 260 жаңа ағаш егіп береміз, – деді қала әкімі.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы шеңберінде Жетісу ауданында **23 ЖОБА** іске асты.



Жыл басынан бері жалпы ауданы **124 ЖОЛ** **УЧАСКЕСІНЕ** ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Қыркүйек айында №148 мектепке **300 ОРЫНДЫ** жапсаржай салу құрылысы басталды.



Ауданда **2 СКЕЙТ** жастар алаңы ашылды.



Қыркүйек және қазан айларында Жетісу ауданында **30 ЖАҢА** аялдама кешені орнатылды.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ

Алматыда коммуналдық қызмет тарифі 2023 жылдан бастап жаңа әдіспен есептеледі

Соңғы 15 жыл ішінде Алматыда тұрғын үй-коммуналдық қызметтер құнының өскенін байқадық. Мәселен, алматылықтар үшін тарифтер суға – 3,4 есе, жылуға – 1,8 есе, электр энергиясы – 3,2 есе, көгілдір отын – 2,1 есе өскен. Демек, қалалықтар үшін тұтыну бағасы 15 жылда 3,5 есеге қымбаттап, орташа жылдық инфляция 8,8%-ды құраған. Бұл аталған коммуналдық қызметтердің барлық түрлері бойынша тарифтердің өсуі инфляциядан артта қалғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, соңғы бес жылда көптеген қызмет түрлері бойынша халық үшін тарифтер көтеріліп қана қоймай, керісінше, арзандады да. Мәселен, 2017 жылы судың бір текше метрі 55,6 теңгеден 48 теңгеге дейін төмендесе, жылу (Гкал үшін) 6263 теңгеден 4833 теңгеге дейін арзандады. Газ бағасы (1 текше метр) – 35 теңгеден 32 теңгеге дейін баға төмендеген. Тек электр энергиясына тариф 16,65 теңгеден 17,53 теңгеге дейін өскен.

Осы тұста халық үшін тарифтердің минималды және шамалы өсуі коммуналдық қаспорындар шығындарының бір бөлігін ғана өтейтінін айта кеткен жөн. Өйткені, бұл қаражат инженерлік желілерді жаңғыртуға жетпейді, сәйкесінше қаспорындар мен коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің шығындары қалалық бюджет есебінен өтеледі.

Алматының аумағы 2009-2010 жылдардан бастап екі есеге ұлғайды. Қалаға жаңадан елдімекендер қосылды. Дегенмен, шеткі аудандарда әлі де қаланың орталық бөлігіндей жағдай жасала қойған жоқ. Себебі, бұған дейін Алматының ел экономикасының құрамы екенін ескеріп, қала орталығын көркейту мен инфрақұрылымын дамытуға көп көңіл бөлінді. Бүгінде осы екі арадағы

теңсіздікті жою мақсатында қала билігі барынша жүйелі жұмыстар атқаруда.

Мегаполистің орталық бөлігі барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгенімен, мұнда әбден тозығы жетіп, ауыстыруды қажет ететін инженерлік желілер жетіп-артылады. Ал шеткі аудандарда ішінара әлі де қажетті инфрақұрылыммен (сүмен жабдықтау және су бұру, т.с.с.) қамтылмаған елдімекендер бар. Міне, осы мәселе аудан тұрғындары тарапынан жиі сынға алынады.

Бұл мәселені шешу үшін Алматы әкімдігі арнайы жоспар әзірледі. Осыған орай, мегаполисте әлем қалаларының табысты тәжірибесін пайдалану есебінен коммуналдық қызметтерді көрсетуде ең жоғары сапа стандарттары жасалатын болады. Мәселен, 2010 жылы Данияда, Чехияда, Финляндияда, 2019 жылы Санкт-Петербургте жылумен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылар арасындағы есеп айырысуларда екіжақты тарифтер қолданыла бастады. Демек, мегаполисте 2025 жылға қарай «үлкен тұтыну – қымбатырақ тариф» тарифтік саясатына көшумен «инвестицияға айырбасталатын тарифтер» қағидаты бойынша әзірленбек. Сарапшылардың пікірінше, бұл шара инженерлік желілерді ұстауға көбірек қаражат жинауға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, инвестицияның қайтарылуын қамтамасыз етуге және коммуналдық қызметтердің рентабельділігін төмендетуге мүмкіндік береді.



тердің сапасын арттыруға, инвестицияның қайтарылуын қамтамасыз етуге және коммуналдық қызметтердің рентабельділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, жаңа тарифтер халық арасында ұқыпты тұтыну және энергияны үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталады. Бұл ретте халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тікелей атаулы көмек шеңберінде коммуналдық қызметтерді төлеуге кеткен шығындарды өтеу қарастырылған.

Көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Алматы – Smart city» тұжырымдамасы аясында есепке алу жүйесін автоматтандыру,

негізгі коммуналдық қаспорындардың барлық есепке алу құралына датчиктерді орнату қамтамасыз етіледі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың профилактикалық жөндеу жұмысын жүргізу, қашықтан диагностикалау және энергия тиімділігін арттыру үшін интернет заттары әдістемесі енгізіледі.

Сала мамандарының айтуынша, бұл әдіс ТКШ тарифтерін теңестіруге және қала тұрғындары үшін қызметтерді қолжетімді әрі сапалы етуге көмектеседі. Сондай-ақ, апатты жағдайларды азайтуға және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың сапалы базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

ҚАУІПСІЗДІК



2 мыңға жуық табло

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кездесуі қала тұрғындарының тұрмысын жақсартуға септігін тигізуде. Бүгінге дейін осындай кездесулердің нәтижесінде қаланың тыныс-тіршілігіне қатысты жағымды жаңалықтар көбейіп келеді.

Мәселен, қала әкімі күні кеше өткізген Жетісу ауданы тұрғындарымен кездесуінде көптің сұрауы бойынша аялдамаларда қоғамдық көлікті бақылайтын 2 мыңға жуық табло орнатылатынын айтты.

Ерболат Досаевтың айтуынша, таблолар қала аялдамаларына 2023 жылы қойылады. Оған бюджеттен қаражат бөлінген. Енді «Оңай» транспорттық холдингімен қосылып, автобустардың жүру кестесін, нөмірлерін таблоға енгізу жұмыстарын жүзеге асыру жүзеге асырылмақ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жолдардың бір бөлігі жабылады

«City Run 2022» жарысының ұйымдастыру комитеті Алматы тұрғындары мен қонақтарына жарыс өтетін күні жолдардың ішінара жабылатыны туралы хабарлайды.

13 қараша күні – «City Run 2022» жарысы өтеді. Осыған орай таңғы сағат 04.00-ден 11.00-ге дейін жарыс қашықтығы өтетін жерлерде жолдардағы қозғалыс ішінара жабылады. Жарыс сәресі «Астана» алаңында басталады. Төле би көшесінде Абылай хан даңғылынан Панфилов көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 04.00-ден 11.00-ге дейін жабық болады. Төле би көшесінде Наурызбай батыр көшесінен Абылай хан даңғылына дейінгі қозғалыс сағат 07.45-тен 09.40-қа дейін жабық болады. Наурызбай батыр көшесінің бойында Төле би көшесінен Шевченко көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 08.00-ден 09.30-ға дейін шектеледі. Шевченко көшесінің бойында Наурызбай батыр көшесінен Панфилов көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 08.05-тен 09.20-ға дейін жабылады.

Панфилов көшесінің бойында Төле би көшесінен Бөгенбай батыр көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 08.15-тен 09.45-ке дейін жабық болады. Бөгенбай батыр көшесінің бойында Абылай хан даңғылынан Панфилов көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 08.15-тен 09.45-ке дейін жабық болады. Абылай хан даңғылының бойында Төле би көшесінен Бөгенбай батыр көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 08.15-тен 09.45-ке дейін жабық болады.

Айта кетейік, спорт әуесқойларына 10 шақырым және 5 шақырым скандинавиялық жүріс бойынша 2 қашықтық ұсынылып отыр.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



Жарылған құбыр жөнделді

Алмалы ауданында Гоголь және Шәріпов көшелерінің қиылысының солтүстік бөлігінде жарылған жылу құбыры қалпына келтірілді. Мамандардың айтуынша, апатқа құбырдың тозуы себеп болған.

– 11 қарашаға қараған түні сағат 01.50-де «Алматы жылу желілері» ЖШС бригадасы диаметрі 400 мм құбырды қалпына келтіру жұмыстарын аяқтаған. Апаттың салдары жойылып, сынақ жүргізілгеннен кейін жылу магистралі пайдалануға берілді және түнгі сағат 2.40-та жылу беру қалпына келтірілді. Қазіргі таңда белгіленген режимде жұмыс жасауда. Сондай-ақ, Шәріпов көшесіндегі көлік қозғалысы қалпына келтірілді. Асфальттың жабындысын ауа райы қолайлы болған жағдайда ағымдағы жылдың 13 қарашасына дейін қалпына келтіру жоспарлануда, – деді Алматы қаласы Энергетика және сүмен жабдықтау басқармасы энергия-жылумен жабдықтау бөлімінің басшысы Серікбай Нұрбақыт.

Егер кенеттен жоғарыдағыдай жағдай (су, бу шығарындылары) туындай қалса, өз бетіңізше әрекет жасамаңыз. Алматы қаласының Энергетика және сүмен жабдықтау басқармасының мамандары +7 (727) 378-06-65 нөмірі арқылы «АлТС» ЖШС-нің апаттық-диспетчерлік бөлімшесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● СЕМИНАР

ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Алматыда биылғы 20 қарашаға белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына дайындық және оны дұрыс өткізу мәселелері жөнінде семинар өтті.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары жұмысының тиімділігін арттыруды мақсат еткен іс-шараны Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы ұйымдастырды.

Алматы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жанна Асанова жүргізіп отырған семинар жұмысына Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров, Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Қанат Сухамбеков, ПД полковнигі Диас Дуанбеков және Алматы қаласының аймақтық учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, ҚР Президенттігіне үміткерлердің сайлауалды штабының өкілдері, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, прокуратураның, отандық бақылаушылар, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Семинар барысында Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров кезектен тыс Президент сайлауы ел өміріндегі маңызды саяси оқиға екенін тілге тиек етіп, алдағы науқанға дайындық туралы айтты:

– Қазір белсенді дайындық жұмыстары жүргізіліп,

сайлаушылар тізімі жасалуда. Біз цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, халықты сайлау күні және олардың қандай учаскелерде бекітілгені туралы хабарлар ететін SMS-хабарлама жібердік. Сондай-ақ, қазіргі уақытта учаскелер есептен шығару куәліктерін беруде. Учаскеге тіркелген жері бойынша тұрмайтын азаматтар уақытылы өтініш беріп, басқа учаскеге тіркелуі үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, – деп түсіндірді Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров.

Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Қанат Сухамбеков сайлау науқанын дайындау мен өткізуге байланысты сайлауды ұйымдастырушылар қызметінің негізгі аспектілерін, сайлаушылар тізімі бойынша атқарылған жұмыстар, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін сайлау учаскелерінің физикалық қолжетімділігін және дауыс беру шарттарын қамтамасыз ету туралы жан-жақты баяндады.

– Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Алматы қаласы бойынша 1179 590 мың сайлаушы тіркелген. 600 учаскелік сайлау комиссиясы бар. Оның 531-і ашық форматтағы мекенжайлар болса, қалған 69-ы аурухана мен әскери орындар сынды арнайы мекемелер. Алматылықтар сайлаушылар

тізімнен өздерін <https://mapalmaty.kz> сайты арқылы, Open Almaty порталында немесе Telegram Bot @almaty_sailau2022_bot арқылы тексеріп, өз сайлау учаскесінің мекенжайын біле алады. Сондай-ақ, 1315 нөміріне 8.00-ден 20.00-ге дейін қоңырау шалуға болады. Сайлау күні, яғни 20 қарашада өтетін кезектен тыс президент сайлауында Алматы қаласы әкімдігі мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еш кедергісіз сайлауға қатысуына жағдай жасау мақсатында барлық жағдайды қарастырып отыр. Сайлау күні 50-ден астам инвалид такси қызмет көрестеді. Мүгедек жандарға арнап арнаулы бұрыш жабдықталады, сондай-ақ, пандустармен, кіре берістерге тактильді белгілер қойылады. Алдағы сайлаудың барынша жоғары деңгейде өтуі үшін барлық сайлау учаскелері қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Учаскелерде міндетті түрде тәуелсіз байқаушылар болады, – деді Қанат Сәдуақасұлы.

Алматы қаласы Полиция департаментінің өкілі Диас Еркінбайұлы сайлау науқанын өткізудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларға, сонымен қатар сайлау заңнамасының нормаларын бұзушылықтың құқықтық салдарына назар аударды.

Іс-шараға қатысушылар дауыс беретін күні электронды төлқұжаты пайдаланудың тәртібін, ашық әрі әділ сайлау өткізу мақсатындағы өзекті мәселелерді, сайлау процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы тиімділігін арттырудың нысандары мен әдістерін, сонымен қатар сайлау күні учаскелік сайлау комиссиялары қызметінің ұйымдастырушылық аспектілерін талқылады.

Семинар барысында Алматы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жанна Асанова спикерлердің сөйлеген сөздері, сондай-ақ белсенді пікір алмасу қатысушылардың барлығы үшін пайдалы болатынына, семинарда алған ақпараттарды учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері дауыс беруді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі өздерінің тікелей жұмысында табысты пайдаланатындарына сенім білдірді.

Ал Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров: «Біздің ортақ және негізгі мақсатымыз, бұл – саяси науқанды сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес өткізу», – деп семинар жұмысын қорытындылады.

● САЙЛАУ–2022

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ КАМПАНИЯСЫ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ?

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы атынан кандидат Нұрлан Әуесбаев үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізіп жатыр. Партия төрағасы Асхат Рахимжанов үміткердің сайлауалды кампаниясы барысында атқарылып жатқан жұмыстармен бөлісті.

Күнтізбелік жоспар бойынша үгіт-насихат кезеңінде 58-ден астам іс-шара өткізу көзделген. Олардың ішіне сайлаушылармен, еңбек ұжымдарымен, ауыл тұрғындарымен, ШОБ өкілдерімен, шығармашылық зиялы қауыммен, студенттермен және халықтың басқа да топтарымен кездесулер кіреді.

«Осы апталар ішінде сайлауалды штаб бірқатар іс-шара өткізді. Біраз өңірге сапармен барды. Атап айтқанда, Нұрлан Әуесбаев Қарағанды, Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарында, Шымкент және Алматы қалаларында кездесулер өткізді. Одан бөлек, бірқатар ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен жүздесті», – деді Асхат Рахимжанов.

Аймақтық сайлауалды штабтар еліміз бойынша 30-дан астам үгіт-насихат шараларын өткізді. Мәселен, 5 қарашада ЖСДП-дан кандидат Республикалық сайлауалды штабтың ұйымдастыруымен өткен тығыз салынған құрылыстарға қарсы бейбіт митингіге қатысты. Іс-шара Пушкин мен Құдайбердіұлы көшелерінің қиылысында орналасқан саябақ аумағында өтті. Митингіге 50-ге жуық адам, яғни партия белсенділері мен қала тұрғындары қатысты. Митинг қорытындысы бойынша резолюция қабылданды. Құжатта ЖСДП тұрғын үй кешендерімен қатар, балабақша, мектеп, аурухана, саябақ құрылысын міндеттейтіні атап өтілген.

Резолюцияда сонымен бірге, экология, қажетті инфрақұрылым құрылысы, салынатын үйлердің сапасын арттыру мәселелері де көтеріледі.

Сайлаушылармен кездесу барысында кандидат мемлекетте саяси реформаларды жүргізу қажеттілігін де атап өтеді. Қазақстандықтардың өмір сапасының стандарттарында бекітілген мемлекеттің әлеуметтік кепілдерін қолдау әрі дамыту қажет. Үкімет адал, бәсекелес бизнестің дамуына мүмкіндік бермей отырған олигархтар тобын емес, халық мүддесін қорғауға тиіс.

Нұрлан Әуесбаевтың сайлауалды бағдарламасында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттілігіне де ерекше көңіл бөлінген. Парақорларға максималды жаза тағайындап, мерзімінен бұрын босату құқығынан айыру қажет.

Нұрлан Әуесбаевтың пікірінше, жемқорлықты жеңіп, мемлекеттің басқару жүйесін өзгерткен жағдайда ғана Қазақстан мемлекеттің экономикалық гүлдеуіне жағдай жасай алады.

*Насихаттық материал Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат Н.С.Әуесбаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді.
Жауапты тұлға – Бас редактор Төрехан Данияров*



● ОЙ.ПІКІР.ҰСЫНЫС.

Өмірәлі ЖАЛАИРИ,
Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының президенті,
заң ғылымының докторы, профессор:

Халық өз таңдауын жасауы керек



Қараша айының 20-сында елімізде кезектен тыс Президент сайлауы болады. Сайлауға қатысып, дауыс беру – бұл әрбір азаматтың конституциялық құқығы. Өйткені, Конституцияда «Биліктің қайнар көзі – халық» деп айтылған. Халық өзінің таңдауын жасау керек. Мен өзім балашағаммен №384 сайлау учаскесіне тіркелгенмін. 20 қараша күні отбасымның барлық мүшелерімен бірге барып, дауыс береміз.

Әрбір қазақстандыққа өзі тіркелген учаскеге барып, дауыс беруге, сайлауға белсенді қатысуға шақырамын.

Айгүл ҚОСАНОВА,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Әрбіріміздің міндетіміз



Құрметті отандастар! 20 қарашада елімізде Президент сайлауы өтпек. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде осы сайлауға барып дауыс беру – әрбіріміздің міндетіміз.

Олай болса, баршаңызды сайлауға барып, өз еліміздің болашағы үшін өзіңіз таңдаған кандидатқа дауыс беруге шақырамын. Мен де өз учаскеме барып дауыс беремін.

● ЖОЛДАУ–2022

Абылай СОПЫБЕКОВ,
Ауған соғысының ардагері:

Ел мүддесін көздейді



Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында: «Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету

керек. Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексерген жөн. Бірқатар өңірдегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайық. Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек» дегені көңілге қонымды болды.

Олай дейтінім, кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы құлдырауға кетті. Оның себебі тура егін егетін және сол еңбекпен еккен егінді жинайтын уақытта жанар-жағар майдың бағасы шарықтап тапшы бола қалатыны бар. Соған тосқауыл қойып, қайта жанар-жағар маймен қамтамасыз етуіміз керек деді. Ол дегеніміз, өзіміздің жеп отырған

нанымыз бен тағамда көп қолданатын жеміс-жидектер бағасы тұрақтайды деген сөз. Тағы бір айта кететін нәрсе – қымбатшылықты тоқтату.

Президентіміз: «Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөңсіз қымбаттауының алдын-алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет. Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Қазір толықтай жұмылуымыз қажет» деді. Шынымен қымбатшылықты тоқтатып, бағаны тұрақтандырса, халықтың әлаукаты артады.



КИНОКЕҢІСТІК

ВЕБ-СЕРИАЛДАРДЫҢ ДА
САЛМАҒЫ БАР

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кинематография саласына да айтарлықтай өзгерістер ала келді. Кино саласында жаңа форматтағы туындылар заманға сай небір әдістермен түсіріліп жүр. Экран өнерінің бір бағыты саналатын телехикаялар да үздіксіз даму үстінде. Кейінгі жылдары веб-сериалдар деген жаңа жанр өркендеп келеді. Веб-сериалдарға деген көрермендердің қызығушылығы жылдан-жылға арта түсті.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Бір жыл бір айдай, бір апта бір күндей зулап бара жатқан қазіргі заманда адамдар ештеңеге уақыт жеткізе алмайтын болған. Жүре сөйлеп, жұмысты да апыл-ғұпыл атқарып, асты да асығып ішеміз. Тіпті, бапталып отырып кино да көрмейміз. Әлеуметтік желіде тараған видеолардың өзі 30 секундтан артық болса, басқасына ауысып, соңына дейін көруге шыдамымыз жетпейді. Осындай зуылдаған заманда қысқа дүниелердің дәурені туды. Бұрынғы жүз бәленбай сериалы «санта-барбаралар» келмеске кетті. Бүгінде телевизиялық сериалдардың орнын веб-сериалдар басты.

Веб-сериалдар үшін күрделі сценарий жазудың қажеті жоқ. Мұндағы әрбір сахна өмірден алынған оқиғаларға негізделеді. Веб-сериалдардың тілдері де жастардың жаргондарына қарай икемделген, диалогтары да қарапайым. Елімізде веб-сериалдар соңғы 3-4 жылда қарқынды дами бастады. Жаңа формат үнемі қозғалыста жүретін, әр сағат, минут, секунд сайын ағылған ақпаратты жылдам қабылдайтын аудиторияға арналған. Мұндай сериалдарды, қысқа фильмдерді көп уақыт жұмсамай-ақ қысқа ғана уақытта, жол-жөнекей де көре беруге болады.

Қазіргі кезде адамдар сюжеті ұзақ, сценарийі күрделі сериалдардан тез жалығады. Ал веб-сериалдарда көркемдік стилистика сақталады, тек оқиға жылдам өрбиді.

Қазақстанда жарық көрген ең алғашқы веб-сериал – «Қарапайым Қайрат». Осы сериал ғаламторға шыққанда балағат сөздерге толы жобаны жабу керек, көрсетуге болмайды деген пікірлер көп болды. Дегенмен, жоба авторлары сериалдың екінші, үшінші маусымдарын түсіруді жөн көріпті, өйткені көрерменнің сұранысы жоғары болған. Веб-сериалдардың сәтті шыққандығы ғаламтордағы қаралымынан байқалады.

Веб-сериалды түсіру үшін де телевизиялық фильмдердегідей режиссер, сценарист, барлық шығармашылық, техникалық топ жұмыс істейді. Бірақ телевизиялық сериалдарда біраз шектеулер болса, ал веб-сериалдарда еркіндік бар.

Бүгінде веб-сериалдарда танымал деген актерлер де бой көрсетіп жүр. «Қарапайым Қайрат» сериалында басты рөлді ойнаған актер Еділ Анарбайдың айтуынша, мұндай ғаламторға арналған фильмдердің артықшылығы – шынайылық. Қоғамдағы кез келген жағдайды шынайы, ашық көрсете алуында.

Веб-сериал авторларының айтуынша, мұндай форматтағы туындылар адамды азғыруды емес, тәрбиелеуді көздейді.



Көрермендер сериал кейіпкерлеріне қарап, өздерін көргендей болады және әрқайсысы болған оқиғадан сабақ алады дейді мамандар.

Веб-сериалда ойнайтын актерлердің көбі көрерменге көгілдір экран арқылы танылған. Бас кезінде танымал авторларға мұндай форматтағы фильмдерге түсу оңай болмаған көрінеді. Ал қазіргі кезде керісінше, веб-сериалдар арқылы біраз актерлер елге таныла бастады. Оның үстіне қазіргі кезде мамандар экран туындыларына тек өнер деп емес, қаржы табудың көзі деп қарайтын болған. Сондықтан ғаламтордағы веб-сериалдарға сұраныс артқан сайын кәсіби актерлер де осы салаға назар сала бастады.

Әлемде веб-сериал ең алғаш 1947 жылы көрсетіле бастаған. Содан бері бұл жанр үздіксіз дамып келеді. Шығармашылық, көркемдік, техникалық ізденістердің арқасында әлі де тың дүниелердің дүниеге келетіні хақ. Жанрдың тағы бір артықшылығы – түсірілім үшін арнайы павильондар салынбайды, қымбат локациялар жалға алынбайды. Веб-сериал көбіне көшеде, табиғат аясында, қоғамдық орындарда түсіріледі.

Белгілі актриса Жанель Мақажанованың айтуынша, кәсіби актер қай жанрда болмасын түсірілім алаңында өзіне артылған міндетті жүз пайыз орындап шығу керек деп санайды.

Мамандардың айтуынша, веб-сериалдар алғашқы минуттардан-ақ қызықты сюжетімен, актерлердің ойынымен көрерменді жаулап алуы тиіс. Егер жоба белгілі бір уақыт ішінде аудитория назарын аударма, жобаны жалғастырудың да мәні болмайды. Интернетте жарыққа шығатын сериалдар көрерменнің назарын аудару үшін әр алты секундында бір ерекше оқиға не бейне болуы керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Перизат МЫРЗАХМЕТ,
креативті продюсер:

СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Веб-сериалдарды негізінен жастар көреді. Бүгінде теледидарды тек 45–50-ден асқан адамдар көретін болды ғой. Жастар теледидар қарамайды. Сондықтан қазіргі заманда қысқа әрі нұсқа, шағын оқиғалар ғаламтор пайдаланушыларын қызықтырады. Сондықтан веб-сериалдар жетістікке жетіп, миллиондаған қаралым жинауда. Осы уақытқа дейін Salem social media компаниясы 40-тан астам веб-сериалдар түсірді. Осы туындыларға деген көрерменнің қызығушылығы ерекше. Бүгінде еліміздегі кино мамандары да веб-сериал форматына әбден төселіп келеді. Кейінгі кезде отбасылық құндылық, әлеуметтік мәселелер тақырыбына арналған веб-сериалдар түсіріле бастады. Меніңше, веб-сериалдардың болашағы зор. Сұраныс артқан сайын бұл форматтағы сериалдардың сапасы да жоғарылай береді.





ДӘСТҮР

Дәстүрлі қазақ қоғамында киіз басу өнері ертеден бері сақталып келе жатқан асыл қазынамыз. Ертеде ата-бабамыздың күнделікті күйбең тіршілікте қолданатын текеметті де, ат тұрманындағы туырлықты да, бас киімінен бастап, аяғындағы шәкейіне дейін, киіз үйдің жабдығын, қызының жасауын – бәрін киізден басып, тіккен. Киіздің құндылығының жоғары болғаны соншалық, хан көтергенде де, халық ардақтысын ақ киізге отырғызған. Бүгінде бұл өнер түрі жаңа қарқынға ие болып, өзгеше стильмен қалыптасып келе жатқан жайы бар. Күні кеше Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі мен American Space & MakerSpace мәдени орталығында «Киіз. Felt. Кеңсе. Войлок» атты кең ауқымды халықаралық фестиваль ұйымдастырылды. Аталмыш шара қала тұрғындары мен қонақтарына арналды. Ұйымдастырушылар киізден түрлі шеберлік сағаттарын өткізіп, ата-әжелер киіз басып, әңгіме-дүкен, сауық-сайран құрған жайы бар.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨШПЕЛІЛЕР МҰРАСЫ

Алматыда киіз басу өнерінен халықаралық фестиваль өтті



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ҰҚСАСТЫҒЫМЫЗ ДА, ЕРЕКШЕЛІГІМІЗ ДЕ БАР

«Бүгінгі шараға әлем елдерінде танымал колонершілер, еліміздің түкпір-түкпірінен келген шеберлер жиналды. Олар өздерімен бірге таңдамалы туындыларын ала келді. Шетелдік қонақтарымыз да кілемдері мен киізден жасалған киімдерін ала келген жайы бар. Қарап отырып, бір-бірімізден айырмашылығымызды, жасау стиліміздің өзгешелігін түсінуге болады. Бүгінде киізді әлем елдерінің бәрі өз керегіне жаратып жатыр. Мәселен, Венгрияда адамдардың психологиясын жақсарту мақсатында қолданады. Соған қарамастан киіз басудың түп-тамыры біздің даладан тарайтынын ұмытпауымыз керек, сондықтан олардың киізі де біздікіне ұқсас. Моңғолдардың киізі ақ түсті, бірақ кішкентай тігістерге байланысты әдемілене түседі. Сондықтан ұқсастықтары да бар, ерекшеліктері де бар», – дейді суретші, Қазақстан Колонершілер одағының төрағасы Айжан Бекқұлова.

КИІЗДІ ЕРЛЕР ДЕ БАСАДЫ

Қазақ үшін киіз басу әйел еңбегі болып саналса, ал Иран мен Түркияда мұны еркектер жасайды екен. Түрік ағайындаырымыз Осман империясы кездерінде қалыптасқан әдіспен киіз басып келе жатқанын айтып өтті. «Барлық халықтың орындау техникасы бірдей. Бірақ ерекше нюанстары бар. Кейбір елдерде киіз түйе жүнінен, ал басқаларында қой жүнінен киіз жасалған. Киізді кез келген жүннен алуға болады. Ерекшеліктері әлі де бар. Мысалы, Қазақстанда жүн қолмен жайылады, Түркия-

да арнайы тарақ қолданылады. Екі елде де бұл өнер қаншама ғасыр өтсе де, өз өзектілігін әлі жойған жоқ. Керісінше, жастар арасында танымалдылыққа ие болуда», – дейді киіз суретші Салих Гиргич.

Қойдың күзде қырқылатын күзем жүнінен киіз басу кезінде қазақ әйелдері оны тулаққа салып, жан-жақтан жиналып саба-лап, оның соңын тулақ шашу секілді ойын-сауыққа ұластырған. Сондықтан қазақ салтында киізбен байланысты дәстүрдің қалыптасуын көшпенділер мұрасы ретінде ұлт құндылығы деңгейінде дәріптейді. Киіз басу өнері қазаққа ғана тән емес, ол сол дәуір кезеңінде көшпелі тұрмыс кешіп, ат үстінде өмір сүрген барлық халықтарда бар колонер дәстүрі.

КӨШПЕЛІ МӘДЕНИЕТТЕГІ ЕҢ ҚАЖЕТТІ ЗАТ

Киіз басу өнеріне тоқталатын болсақ, оның әдіс-тәсілдері ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған. Ол икемді, жұмсақ материал, сондықтан көшпелі мәдениетте ең қажетті зат болған. Іс-шара барысында колонершілер киіз басудың әдіс-тәсілдерін келген қонақтарға түсіндіріп өтті. Жиналған қауым болып, АҚШ пен Түркиядан келген қонақтарымызға қазақ киізінің басу әдісін көрсетті. Шырайлы Шымкент қаласынан келген Беспековтар отбасы фестивальге жартылай дайын текеметін ала келді. Қалған бөлігін фестивальде басып, келушілерге шеберлік сағаттарын өтті.

«Осы шараға отбасымызбен келіп отырмыз. Балаларымыз да колонермен айналысады. Бұл текеметті немерелерімізбен бірігіп жасадық. Жалпы, киізді басуға 2 күн уақыт кетеді. Алайда, жұмыла жасағанда оның қиындығы аса білінбейді. Ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіреміз. Қала қонақтар-

ры бүгінде біздің жұмысымызға ерекше қызығушылығын танытып, киіз басуға деген құлшынысы оянып келе жатыр. Жыл сайын өткізілетін фестиваль алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген сенімдемін», – дейді колонер шебері Күләш Айдарбекова.

Қатысушылар жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, түңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұска ілінетін түскиіздер мен қап түрлерін жасаған. Киізден жасаған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы қорында сақтаулы 267 киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра.

«Фестиваль аясында XIX–XX ғасырлардағы қазақ халқының тұрмысы, колонері жайында фотокөрме өтіп жатыр. Жүннен киіз басу көрмесі де ашылды. АҚШ-тан келген колонершінің жүннен жасалған инсталляциясы қойылған. Сонымен қатар, Түркия мен Венгриядан келген шеберлердің текеметтері ілінді. Еліміздің үздік колонершілерін марапаттап, еңбектерін елеп отырған жайымыз бар. Біз әр жыл сайын колонершілер мен суретшілерге үнемі қолдау білдіреміз. Олардың көрмелерін де өткізіп келеміз», – дейді Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова.

Киіз басушы шеберлердің халықаралық фестивалі елімізде бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Мәдени мұраны дәріптеушілер фестивалді бір аптаға жоспарлаған. Алдағы күндері колонершілер тәжірибе алмасып, шеберлік сабақтарын өткізеді.

«Мен Алматы қаласына кіргенде, күн көтеріліп, тауларды керемет жарықтандырды. Мен солардың ұлы рухын білдіргім келді. Егер сіз мұқият қарасаңыз, барлық кенептерде жұқа көк жіп бар екенін көресіз. Бұл өзен, таулардан ағып жатқан хрусталь су. Мен тастарды етегіме жинап, қондырғыны толықтырдым. Бүгінде киіз әлемдік қазынаға айналды», – дейді суретші Дженис Арнольд.



АХМЕТ
БАЙТҮРСЫНҰЛЫ

150
жылы

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ
ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:

«Жақсы нәрсенің
жолға шығуы – жаман
нәрседен қиынырақ».

АХАҢНЫҢ АТЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Биыл Ұлт ұстазы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен Достық үйінің ғимаратында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты – отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын жан-жақты ғылыми талдау, ахметтану ғылымының өзекті мәселелерін талқылау, соңғы көзқарастар мен жаңа тұжырымдарға жол ашу.

Конференцияға отандық және алыс-жақын шетелдерден 100-ден астам ғалым-зерттеуші қатысты. Оның ішінде профессор Нергиз Бирай, профессор Гүлжанат Әрджиласун, Бекірт Түмен Сомынжыұлы (Түркия), доктор PhD Өзгежан Кисиж (Германия), профессор Хисао Комацу (Жапония), профессор Ким Саң Чоль (Корея), профессор Маханбет Жүсіпов, Бахром Ирзаев (Өзбекстан), доцент Зухра Алтымышева (Қырғызстан) секілді ғалымдар баяндама жасады.

Сонымен қатар, 12 томдық Ахмет Байтұрсынұлының шығармалар жинағы және Түркиядағы Памуккале университетінің профессоры, алаштанушы ғалым Нергиз Бирайдың Ахмет Байтұрсынұлы туралы зерттеу кітабы секілді екі бірдей сүбелі еңбектің тұсауы кесілді.

Алаштықтардың ұлттық мүлде жолындағы мұраты, қазақ халқының тұтастықта, тыныштықта бейбіт ғұмыр кешуі турасында ойлар айтылды.

Мұндай жиындар игі бастамалардың басын көрсетеді. Ұлтқа қызмет етуден артық дүние жоқ. Менің ойымша, алдағы уақытта М.Шоқайдың мерейтойын атап өтуіміз керек деп ойлаймын. Бұл бастамаға ғалымдар екіұдай қарайды. Дегенмен, дәл осындай шара деңгейінде, тіпті көлемдірек ауқымда мерейтойды бастап кету керек. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың көсемі, сонымен бірге мықты саяси қайраткер. Ахаң патшалық кезеңде түркі халықтарының тағдырын



толғады. Бұл жерде Түркістан аумағының орны ерекше. Ұлт ұстазы түркологтар съезінде түркінің руханиятын, тілін қорғап 4 рет сөйледі. Соның арасында қазақ тілінің ағылшын, француз, қытай тілдерінен кем еместігін дәйектей сөйледі. Сонымен бірге, маркстік, лениндік идея қазақ халқына кері әсер етті. Алаштықтар ұлттық мемлекет құруды көкседі. Бүгінде де өте өзекті идея осы деп ұғамын, – деді ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелді.

Сондай-ақ, ол Ұлт ұстазын тек қазақ халқының алдында ғана емес, одан ары тереңдетіп, жалпыадамзаттық деңгейге көтеру керектігін де мәлім етті.

Ахмет Байтұрсынұлы өз халқының өркениетті, мәдениетті болуын қалады. Адамдар арасындағы сүйіспеншілік, құрмет сынды адами қасиеттерді қаузады. Ол өлеңдерінде әділ болуды көздейді. Барлық жұртты толерантты болуға үндеді. Сонымен қоса, бейбітшілік пен тыныштықты орнатуға шақырады. Жалпы, ғалымның қай еңбегін алсаңыз да, ұлт руханиятына жаны ашығандығы байқалады. Мұндай тұлғалар адамзат өркениетіне қай кезде де айрықша құбылыс берген, – деді профессор Нергиз Бирай.

Жиында Алаш ардақтысының мерейтойы кездейсоқ еместігін, оның тарихи астары бар екендігі баяндалды. Оны алаштанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы айтты.

Алғаш рет осыдан 100 жыл бұрын Ташкентте барша жұрт Аханың 50 жылдығын тойлады. Ол кезде түрлі кітаптарын, еңбегін айтып ұлықтаған болатын. Қазір біз 150 жылдығына қадам бастық. Сондықтан қазақтың мандайына біткен тұлғаның мұраларын насихаттап, өскелең ұрпаққа таныта беруіміз қажет, – деп түйді ол.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«ҚАРАМАЙ ДАУЫЛДАРҒА,
ЖАУЫНДАРҒА...»

Осынау жас шағын бір емес, бірнеше пайдалы іспен көмкеріп жүрген замандас туралы бірер сөз

Айша Мұратбекованың мамандығы – есепші. Қарапайым тілмен айтқанда, офиста, жылы жерде отыратын адам. Бірақ ол отырмайтын адам. Отырмағанда, үнемі қозғалыста жүретін жан дегеніміз ғой. Осынау жас өмірін бір емес, бірнеше пайдалы іспен көмкеріп жүрген замандас. Енді бәрін рет-ретімен баяндайық.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

ЕСЕПШІ ҚЫЗ

Ол Тараз мектебінде математиканы тереңдетіп оқыды. Сыныптағы бүкіл бала осы пәнді жақсы көрді десе де қателеспес. Өйткені, математикадан берген мұғалім балаларды қызықтыра білетін. Сондықтан есепшісі көп болса да, сол сабақты көпшілігі асыға күтетін. Ұстаздың мықтылығын осыдан да бағалауға болар.

Айша бала күнінде дизайнер болуды қатты армандайтын. Бірақ ата-анасы «сен есепке жақсысың ғой» деп, сол салаға жақын мамандықты таңдағанын дұрыс көрді. Бухгалтер мамандығына солай келген. Мың-миллион санмен жұмыс істейтін ісі оған еш қиын емес. Қайта ұнайды. Себебі, мамандығын құрмет тұтады.

Бүгінгі күні университетте алған сол оқуын місе тұтып отыра бермей, айына екі-үш рет білімін жетілдіруге күш жұмсайды. Өйткені, қазіргідей ақпараттық технологияның қарыштап дамып жатқан жаһандану заманында көштен қалмау керек. Оның үстіне жастарға жаңашылдық тән. Айшаның енді қаржыгер мамандығын меңгеріп шығуға талпынып жүрген жайы бар.

БЕС ЖАСАР ТІГІНШІ

Баяғы бала күнтің көңіліндегі дизайнерлік саланы да ара-арасында қолға алып жүр десек те болады. Осының алдында тігіншілік кәсіп бастаған-ды. Бірақ аяқастынан пандемия деген қатерлі кесел бас көтерді де, халықтың біразы үйге қамалып, жұмыссыз, табыссыз қалып, оның да ісіне тұсау салды. Бірақ киім тігуді тоқтатқан емес. Көңілі көтеріліп, шабыты келгенде, өзіне немесе екі қызына әдемі белдемше тіге қояды.

Айша ине-жіпті қолына бес жасында алған. Бірде анасының қолы қолына жұппай бірдеңе тоқып отырған сәтін көріп қалып, қатты қызығып, жанына отыра қалып, біраз бақылап, сосын анасының істегенін қайталағаны бар. Әуелі қуыршағына көйлектер тіге бастады. Одан соң 11-12 жасында өзіне жемпір тоқып алды. Сосын анасына әдемі көйлек тігіп беріп қуантқан.

Мектепті бітірген алғашқы жылы жазғы демалыста ательде жұмыс істеген. Ең алғашқы жалақысын да сол кезде алғаны есінде. Ол қолынан әдемі көйлектер тігу келетініне мақтанған сонда. Қолынан шыққан киімдерінің сол істі сүйетіндіктен әдемі тігілгеніне сенімді еді. Ол шеберлігін солай, уақытпен санаспай, көп тігіп көп шыңдады. Әрі ине мен жіп қыз баланың көркін әсемдей түседі деп біледі.

ӘУЕЛІ ӨЗІННЕН
БАСТАУ КЕРЕК

Ол күнделікті тұрмыста тұтынудан босап қалған пластик бөтелкелерді, шыны ыдыстарды, тіпті қағаздарды да қоқысқа апарып тастай салмайды, бәрін ерінбей-жалықпай, асқан төзімділікпен жинап, арнайы орынға апарып өткізеді. Ол ақша жасаймын деген ойдан емес әрине, қоршаған ортаның ластанбауына, экологияға тамшыдай болса да үлесімді қоссам екен деген патриоттық сезімнен туған қадам.

Бірде олар жаңа үйге қоныс аударатын болды. Үйдегі заттарды жинастырып, киім-кешекті буып-түйіп жатқанда қажет емес заттар, әсіресе қағаздар көп шықты. «Осыларды қоқысқа апарып тастағанша, неге

қабылдайтын арнайы орындарға өткізбеске» деген ой еді бұл. «Тым болмаса, мына қағаздар жетхана қағазына айналып, елге пайдалы тисін» деп ойлағаны да есінде. Көзі ашық адам ретінде бүгінде күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген пластиктен жасалған бұйымдардың да ғасыр дертінің біріне айналып, бүкіл ғаламшарды ластап жатқанынан хабардар, әрине.

– Пластиктен жасалған ыдыс, шөлмек, пакеттер топырақта 200 жылға жуық уақытта ыдырайтын көрінеді. Оның қалдықтары жерге түскен соң аталған жылдар ішінде өте ұсақ бөлшектерге ажырап, қоршаған ортаға химиялық заттар бөледі деседі. Сондай-ақ, оның ұсақ түйіршіктері мен химиялық қосындылары жерасты сулары арқылы жануарлардың жаппай қырылуы мен адамдардың түрлі ауруға шалдығуына әкеп соғады, – деген Айша өзін бізге тағы бір қырынан, яғни экология жанышары ретінде танытты.

Иә, пластик қалдықтарын тастау былай тұрсын, моншаға жағуға және ашық жерде де өртеуге мүлдем болмайды. Тіпті, олай етуге экологиялық заңнамалармен тыйым салынған. Пластик қалдықтары жанғанда қоршаған орта мен адам өміріне қауіп тудыратын химиялық қосындылардың ауаға таралатынын айтудай-ақ айтып келеді экологтар.

Қоқыс тастайтын темір жәшіктер орналасқан қалалық жер белгілі, кейде уақытылы жинап әкетілмесе, қоқыстарды қаңғыған иттер тартқылап, жұмалап, шашып кетеді. Тіпті нан қалдықтары да шашылып жатқанда, обал-ай дейсің іштей. Нан демекші, Алматыда нан қалдықтарын да апарып өткізуге болатын бокстар бар екенін осы Айшадан естіп, білдік. Түсінгеніміздей, қабылдап алатындар нан қалдықтарынан жем жасайтын көрінеді.

Айша пластиктерді, шыны ыдыстарды, алюминий бұйымдарды, қағаздарды, тағы басқа да заттарды бөлек-бөлек жинағанда, ол жұмысқа кішкентай балаларын да қатыстырады. Олар да осы күннен табиғатты сүйеді, қоршаған ортаны аялауды, барды қадірлеуді, ысырапшылдыққа жол бермеуді үйретеді. Бұл процесс туралы әлеуметтік желідегі парақшасына да салып, кеңес сұрағандарға жол көрсетіп отырады.

– «Мен жалғыз өзім не өзгерте аламын, маған қарап қалған не бар» деп ойлау мүлдем қате. Әуелі өзіңнен бастау керек. Бәріміз солай бастасақ, әрқайсысымыз бір-бірімізден үлгі алсақ, көптің алмас асуы болмайды деп ойлаймын, – дейді жас та ойлы кейіпкеріміз.

«БІРІНШІ
БОЛУ –
БАТЫЛДЫҚ»

Айшаның бүгінде халықаралық ірі жобаға айналған, «Бірінші болу – батылдық» ұранымен өтетін «Алматы марафонына» қатысып жүргеніне 4-ші жыл. Ол салауатты өмір салтын ұстанады, жүгіргенді жаны сүйеді. Табиғатпен жаны егіз.

– Он мыңнан астам адам қатысатын бұл марафонның ең үлкен дистанциясы 42 шақырым. Екіншісінің, яғни жартылай марафонның арақашықтығы – 21 шақырым. Сосын әртүрлі кішігірім марафондар бар, олар 10 және 8 шақырымдық. Оған балалар да қатысады. Менің мақсатым – жүлде алу немесе сыйлық иелену емес. Мен өзімнің ерік-жігерімді шыңдағым келеді. Біздің марафон алдындағы дайындығымызды көрсетіңіз ғой! «Алматы марафоны» деген барып қатыса салу емес, оған дейін күнделікті таңғы тәтті ұйқыңды қиып, аптасына үш рет дайындықтан өтеміз. Марафон күні нөсерлетіп жауын жауса да, ұшырып әкетер қатты жел тұрса да, «бүгін ауа райы мөз емес екен» деп үйде қалып қою жоқ, міндетті түрде сол күні жүгіру жолағына шығасың. Өзіңді темірдей тәртіпке бағындыратынын қандай ғанибет мұнда! – деген Айша Мұсақанқызының жан-жақтылығына, сергектігіне еріксіз тәнті болдық.

БАЙЛЫҚТЫҢ
ӨЛШЕМІ

Оған Алматының табиғаты қатты ұнайды. Сүйікті қаласы жылы, жап-жасыл, құшағы әрдайым кең. Келген меймандарын міндетті түрде «Шымбұлаққа», «Медеуге» апарыды.

Ол үшін патриот болу дегеніміз – өз тілінді, жерінді, ұлтынды, салтынды, дәстүрінді сүю, қадірлеу және сол қасиеттерді ұрпағына бере білу. Ол балаларына дұрыс тәрбие беруді, келешекте әділетті Қазақстанды жасайтын білікті, білімді, көзі ашық

маман болатындай адам етіп шығаруды мақсат тұтқан. Сондай-ақ, Отанның отбасынан басталатынын мықтап ұстанған ана.

Оны үнемі өзі секілді спортқа жақын, әділетті, шыншыл адамдар қоршап жүреді. Оның ойынша, қазіргі жастарға уақыт, олардың бір-бірімен офлайн, яғни жанды түрде қарым-қатынас жасауы жетіспейді. Оны қазіргі жастардың көбіне гаджеттермен, смайликтермен сөйлесетіні қынжылтады.

Адамдармен қарым-қатынастағы басты ұстанымы – құрмет, шыншылдық. Байлықты денсаулықпен, біліммен және дұрыс тәрбиемен өлшейді. Бойында осы үш құндылығы бар адам өзгелермен қарым-қатынаста да сүйкімді, беделді болады және бағындырар биігі де көп болмақ деп есептейді.

Мәдениетті адам деп көптің көзінше түкіре салмайтын, жөнсіз ұрсысып, тәжікелеспейтін, балағат сөздер айтпайтын, басқаларды тілдемейтін жандарды таниды.

Айына екі-үш кітап оқуды мақсат етіп қойған. Кейінгі оқып тауысқан кітабы – «Жизнь в ресурсе». Қазір «Стамбулды» бастады.

Кез келген адам ең бірінші кезекте ата-анасын, жақын адамдарын және денсаулығын қадірлеу керек деп біледі.

Қазіргі күні біздің өмірімізді алақандай ұялы телефонмен байланыстырмау мүмкін емес. Онсыз тіпті күніміз жоқ десек те болады. Айшаның өзінің ең жиі іздеп қонырау соғатын адамы – анасы. Ол кісімен жай ғана хәл-жағдай сұрасып, даусын естігеннің өзі бойына алапат күш-қуат береді.

Әкесі – математик-ғалым кісі. Өлі де аттан түскен жоқ, жоғары оқу орнында сабақ беріп жүр. Балаларын бала күнінен адал болуға тәрбиелеген. Жемқорлық дегенге әлі күнге жаны қас. Егер Айшаға біреулер өзін «еңбекқорсың, шыншылсың» дер болса, ол әкеден дарыған қасиет дер еді. Ал «қайырымды, мейірімдісің» деп мақтаса, анасының ақ сүтімен дарытқаны.

Оның сұлу, мейірімді көрінісін де сондықтан болар. Ең бастысы, ол осының бәрін үш перзентіне, ұрпағына үлгі болу үшін істейді. Және оның барлық бастамасын жары да үнемі қолдан отырады. Бақыт деген осы!



ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Аяқ тамырларын емдеудің жаңа әдісі



Алматылық дәрігерлер аяқ тамырларын емдеудің жаңа әдісін енгізуде. №4 қалалық клиникалық ауруханада интервенциялық хирургтарға арналған «шеберлік сабағы» өтіп жатыр. Сабақты Мум-байдан келген (Үндістан) доктор Гириш Мукуд (Dr. Gireesh Mukund Warawdekar) жүргізеді.

Интервенциялық немесе эндоваскулярлық хирургия – бұл отаның рентгенэндоваскулярлық әдісті қолданатын «скальпельсіз» заманауи түрі. Яғни зақымдалған органға ота тамырлар арқылы жасалады.

№4 ауруханада осыдан бір жыл бұрын «Рентген-эндоваскулярлық хирургия бөлімшесі» ашылып, бүгінгі күнге дейін ми, жүрек тамырларына 739 интервенциялық ота, сонымен қатар жатыр артерияларының эмболизациясы жасалған.

«Клиникамыздың интервенциялық хирургтары коронаграфия, вентрикулография, шунтография және күрделілігі түрлі коронарлық артерияларды стенттеу, бас ми тромбозына тромбоэкстракция, бас және мойын ангиографиясы, ұйқы ар-

терияларын стенттеу, бас ми қан тамырлары аневризмасының эмболизациясын жасайды. Жақында тағы бір қызмет түрі – жатыр артерияларын эмболизациялау енгізілді», – дейді №4 қалалық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің хирургия жөніндегі орынбасары Темірхан Қожахметов.

Көпсалалы клиниканың жаңа бөлімшесінің жоспарында аяқ артерияларының атеросклерозы және диабеттік табан сияқты ауруларды диагностикалау және емдеу бар.

«Шеберлік сыныбында» аяқ қан тамырларына төрт ота жасалды. Төртеуі де міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде қаржыландырылды. «Бүгін біз үш ота жасадық, оның екеуі аяқ арте-

рияларының ангиопластикасы. Екі науқаста да аяқтың критикалық ишемиясы болған. Олардың бірінің анамнезінде қант диабеті болды, оның аяғының бірінің башпайы кесіліп, жарасы жазылмаған. Баллондық ангиопластика нәтижесінде қан ағымы қалпына келтірілді. Болашақта осы клиника перифериялық артерияларды емдеу орталығына айналады деп үміт етемін, өйткені бізде мұндай көмекке мұқтаж қант диабетімен ауыратындар көп», – деп, профессор Гириш Мукуд (Dr. Gireesh Mukund Warawdekar) сабақ нәтижелерімен бөлісті.

Қаралған төрт жағдайдың бірінде 55 жастағы «диабеттік табан» диагнозы қойылған науқастың қан ағымы қалпына келтірілді.

«Аяқ артерияларының атеросклерозы. Орташа ауырлықтағы 2-ші типті қант диабеті. Аяқтың диабеттік полинейроангиопатиясы. Диабеттік табан синдромы. Оң табан сау-сағының инфекцияланған жарасы. Лимфангоит диагнозы бар науқас та болды. Ота кезінде оған аяқ артерияларының ангиографиясы жасалды, алдыңғы жілініш және қалқан артерияларының тандемдік стенозы анықталды. Дәрі-дәрмекпен қапталған баллонды қолдану арқылы оң аяқ артерияларына баллонды ангиопластика жасалды. Оң аяқтың қан айналымы қалпына келтірілді», – дейді №4 ҚКА рентген-эндоваскулярлық хирургия және кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Асқар Наринбаев.

Әйелдің жолы болды, дәрігерлер оның аяғындағы саусағын аман алып қалды. Рентген-эндоваскулярлық хирургия бөлімшесінің дәрігерлері Камила Оразбаева мен Серікболат Айнелхан да оқудан өтті.

ЕҢБЕК АДАМЫ



ҮНЕМІ ЖАНЫМЫЗДАН ТАБЫЛАДЫ

Бізге жуырда Балнұр Қапанова деген ата-анадан хат келді. Бір жапырақ хат әйелдің алматылық камбустиолог-мамандарға, жалпы барлық дәрігерге деген алғысын жеткізуге асығыпты.

«Біздің қоғамда, өкінішке қарай, дәрігерлер атына теріс сөздер жиі айтылып жатады. Ал басыңа қиын іс түспей олай айту дұрыс емес деп ойлаймын. Баламның денсаулығына қауіп төнгенде, бізбен бірге шырылдап, жанымызға жалау бола білген сол дәрігерлер.

Ата-ананың бала дегенде шығарда жаны бөлек екені белгілі. Көз алдымызда аман-есен шапқылап жүрген ұлымыз Темірлан былтыр мамыр айында аякастынан қатты күйіп қалған болатын. Әрине, күйген баламен бірге жанымыз қоса күйіп кете жаздаған сонда. Екі апта жансақтау бөлімінде жатты. Көп ұзамай ота жасалып, терісінен тері алынып, күйген жерлеріне жамалды. Бірақ отадан кейін клеондті, яғни айтарлықтай көлемді де қалың тыртықтар қалып қойды. Көңілімізді тағы да уайым баста, баланың болашағына алаңдадық. Алматы қаласындағы Балалар шұғыл медициналық көмек орталығы күйік бөлімінің меңгерушісі, камбустиолог-дәрігер, жоғары санатты травматолог-ортопед Жұмаділдаев Раджа Сәрсенбайұлымен жолыққанша не істерімізді білмей қатты қиналды. Міне, қазіргі күні дәл осы орталықта ем қабылдап жүргенімізге аттай бір жыл болып қалды. Ай сайын келіп, апталап жатып кетеміз. Енді жақында балама ота жасалып, өте сәтті өтті.

Осы орайда камбустиолог-дәрігер Жүсіпқалиева Гүлшара Серікқызына да, күйік бөлімшесінің барлық қызметкеріне аналық алғысымның шексіз екенін газет арқылы білдіргім келеді. Осы ауруханада баламен бір жыл жатып, мұндағы ақ халатты абзал жандардың жанкешті еңбегін, олардың ауру балаларды кірпік қақпай түнімен күзетіп отыратынын көз көрді. Мәселен, Раджа Сәрсенбайұлы бір күнде бес-алты аса ауыр операция жасайды. Оның өзі дәрігер жүйкесіне салмақ деп білемін. Соған қарамастан қаншама отбасына қуаныш сыйлап келеді. Олардың өлшеусіз еңбегіне басымды иемін. Отбасымның атынан алғысым шексіз».

КЕРЕК КЕҢЕС



Үй жағдайында не істеу керек?

Күйік – бұл терінің және тіндердің зақымдануы. Әрине, денені қатты күйік шалған кезде, міндетті түрде дереу «Жедел жәрдем» шақырту керек. Оттан, судан болатын қатер айтып келмейді. Абайсызда күйіп қалсаңыз, үй жағдайында не істеу керек?

Иә, жеңіл жарақаттарды үйде өз бетіңізбен емдеуге болады. Жеңіл жарақат дегеніміз – бұл дененің күйіктен тек қызаруы немесе күлдіреуі және күйген аймақтың диаметрі бес сантиметрден аспауы.

Зардап шеккен аймақты салқын судың астында шамамен 15–20 минуттай ұстаған жөн. Бірақ мұз қоймау керек.

Күйік жараны құрғақ әрі таза дәкемен таңып байлаңыз. Дәке зарарсыздандырылған болса жақсы. Тым қатты тартып байламаңыз.

Мүмкіндігінше көп көлемде сусын (мәселен, шай, жылы компот) ішу керек. Өйткені, күйік, тіпті ол кішкентай болса да, айналымдағы қан көлемін азайтады.

Зардап шеккен аймаққа жақпа майын қолдануға болмайды. Сонымен қатар, жұмыртқа, май, қаймақ дегендерді жолатпаған абзал. Себебі, олар жараның тартылуын тежейді, дәрігерлерге жараны емдеуге кедергі келтіреді және жараға бактериялар түсіп кетуі мүмкін.

Құрамында декспантенол бар арнайы спреймен жараны зарарсыздандыру қажет. Декспантенол жараның тез жазылуына көмектеседі және күйген орынға спрей түрінде жағу ыңғайлы.

Тіс настасының да осы тұрғыда пайдасы бар. Ол терінің қабынуының алдын алады, ісуден де сақтайды. Ал ауру асқынып, дерт айықпаса, дәрігерге қаралғаныңыз жөн.

ҚҰТҚАРУШЫ



Жан жарасын емдеуші

2003 жылы Шиге жартастың түбінде отырған қарт ерлі-зайыптыны көреді. Қасына барып тілдескенде, екеуінің ортақ кәсібі бар екен, бірақ онысы банкротқа ұшырап, сондықтан қол ұстасып жартастан ұшып өлмекке бекініп отырған сәттері екен. Шиге дереу полиция жасағын шақыртып, ерлі-зайыптыны жұмыспен қамту және әл-ауқат бюросына жеткізіп салады. Бірақ бірнеше күннен соң әлгі жұбайлар бәрібір асылып өлген.

Шиге зейнетке шыққан соң адамдарды суицидтен аман алып қалу жолын ойластыра бастайды. Сөйтіп, бұрынғы полицей 20 адамнан тұратын во-

Юкио Шиге Жапония полициясында 15 жыл жұмыс істеген. Соңғы жылдарын Тодзимбоның жартасты ауданында өткізген. Ол қызмет барысында өз-өзіне қол жұмсап, жартастан секіріп өлген талай адамның денесін судан алып шыққан.

лонтерлар командасын жасақтап, олардың жартастың ең қауіпті аумағын қарауылдауға бекітеді. Осынау өмірден баз кешіп, өзін ешкімге керексіз сезініп, жартастың басынан секіруге оқталған талай адаммен тілдесіп, олардың мұңын тыңдап, қайғысын бөлісіп, аға буын ретінде түзу жолды көрсетіп, нәтижесінде 600-ден астам адамды суицидтен аман алып қалады.

Ол әдетте жартастың басына келген адамға ақырын таяп келіп, «Сәлем! Қалайсыз? Жақсысыз ба?» деп бастайды екен сөзін. Себебі, ол торыққан, депрессияға ұшыраған кез келген адамның өзіне көңіл бөлгенді, өзін тыңдағанды қалайтынын жақсы біледі.

Шиге бірде жартастың басында жас қыздың отырғанын байқайды. Оны офісіне ертіп келіп, ыстық шай береді. Сосын әңгімеге тартады. Сөйтсе қыз сабағынан нашар баға алып қалады да, ата-анасы «біз сенен үлкен үміт күтіп жүрсек, бұның не?» деген сөз естиді. Әке-шешесінің сенімін ақтай алмадым деп қамыққан жасөспірімнің суицид жасамаққа бел буған беті екен. Шиге дереу ата-анасын шақыртып, қызды аман алып қалады.

ӘУЕСҚОЙ БОКС

Тарихи рекордты жаңарта аламыз ба?

Аруларымыздың да Азия чемпионатындағы жекпе-жектерін сараптаймыз. Қазір жігіттерге тоқталғымыз келеді. Аммандағы аламан бүгін мәресіне жетеді. Финалда 9 боксшымыз бар. Бұған дейін ешқашан Сары құрлық додасында 9 жерлесіміз финалда жұдырықтаспаған. Ал рекордымыз 2013 жылға тиесілі. Ол кезде де Азия чемпионаты Иордания астанасында өткен. Сегіз боксшымыз ақтық айкаста жұдырықтасып, жетеуі жеңімпаз атанды. Теміртас Жүсіпов, Берік Әбдрахманов, Мерей Ақшалов, Данияр Елеусінов, Жәнібек Әлімханұлы, Антон Пинчук, Иван Дычко жеңіс тұғырының жоғарғы сатысынан көрінсе, Әділбек Ниязымбетов күміспен күптелген. Негізі, 2013 жыл қазақ боксы үшін сәтті болды. Күзде Алматыда Әлем чемпионатын өткізіп, төрт боксшымыздың чемпион болғаны есімізде.

Дегенмен, спортта ешқашан босансуға болмайды. Бұған былтыр Дубайда өткен дода дәлел. Бес боксшымыз финалға шықты. Алайда, бесеуі де бас жүлдеге қол жеткізе алмады. Василий Левит үнді боксшысынан ұтылса, аса жеңіл салмақтағы Даниял Сәбит, орта салмақтағы Абылайхан Жүсіпов пен Әбілхан Аманкүл және аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қонқабаев өзбек боксшыларынан жеңілді.

Финалға шыққан тоғыз боксшымыздың бесеуі өзбекпен жұдырықтасады, біреуі шаршы алаң қожайындарымен кездеседі. Ал өзбек боксының соңғы жылдардағы әлеуеті өз алдына, төрешілер жағындағы қолдаушыларының да аз емесін жақсы білеміз. Сондай-ақ, қажет кезде төрешілер шаршы алаң иесін де алға сүйреп шығара алады. Босаңсымау қажет дегеніміз сондықтан.

Айтпақшы, Азия чемпионатының финалында Қазақстанның 9 мықтысы жұдырықтасса, Өзбекстаннан бес боксшы ақтық айкаста. Иорданиядан төртеу, Тайландтан екеу бар. Финалдағы қалған төрт орын Жапония, Филиппин, Моңғолия және Үндістан өкілдерінде.

Жалпы, Азия чемпионаттарындағы алтын бойынша, рекорд Өзбекстанға тиесілі. 2017 жылы байрақты бөсекені Ташкентте өткізіп, өз-ағаларымыз 10 салмақтың тоғызында алтын медальді өздерінде қалдырған. Алайда, жалпы медальдар бойынша, Қазақстанға жетер құрама жоқ. 1999 жылы Ташкенттегі Сары құрлық турнирінде боксшыларымыз 12 салмақтың 11-інде жүлдегер атанды. Бірақ алтынның бағасы бәрінен қымбат. Финалдағы тоғыз боксшымызға да сәттілік!

Бүгін Иордания астанасы Амманда әуесқой бокстан кезекті Азия чемпионаты мәресіне жетеді. Кеше шаршы алаңда әйелдер арасындағы ақтық айкастар өтіп, біздің төрт аруымыз бас жүлдеге таласты. Бүгін ерлер арасындағы финалдық жекпе-жектер өтеді. Боксшыларымыз тарихи рекордын жаңарта ала ма? Сараптап көрейік.



ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫНЫҢ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ МЕДАЛЬДАРЫ

Жыл	Салмақ дәрежелері	Алтын	Күміс	Қола	Барлық медаль	Командалық есептегі орын
1994	12	5	1	4	10	1
1995	12	6	1	0	7	1
1997	12	2	1	3	6	4
1999	12	2	5	4	11	2
2002	12	0	1	4	5	8
2004	11	3	1	3	7	1
2005	11	2	1	3	6	2
2007	11	3	1	2	6	3
2009	11	2	0	3	5	3
2011	10	2	2	1	5	2
2013	10	7	1	0	8	1
2015	10	5	1	1	7	1
2017	10	1	3	4	8	2
2019	10	2	2	3	7	2
2021	10	0	5	1	6	4

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ФИНАЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫЛАР ЖӘНЕ ЖҮЛДЕГЕРЛЕР:

48 келі: Санжар Тәшкенбай (Қазақстан) – Казума Аратаке (Жапония).

51 келі: Сәкен Бибосынов (Қазақстан) – Хасанбой Дусматов (Өзбекстан).

54 келі: Сабырхан Махмұд (Қазақстан) – Карло Паалам (Филиппин).

57 келі: Серік Теміржанов (Қазақстан) – Абдумалик Халоков (Өзбекстан).

60 келі: Қола жүлдегер: Саматәлі Төлтаев (Қазақстан).

67 келі: Дулат Бекбауов (Қазақстан) – Бунжонг Синсири (Тайланд).

71 келі: Асланбек Шымбергенов (Қазақстан) – Зезд Ишайш (Иордания).

75 келі: Нұрқанат Райыс (Қазақстан) – Саиджамшид Жафаров (Өзбекстан).

80 келі: Қола жүлдегерлер: Нұрбек Оралбай (Қазақстан).

86 келі: Қола жүлдегерлер: Сағындық Тоғанбай (Қазақстан).

92 келі: Айбек Оралбай (Қазақстан) – Мадияр Сайдрахимов (Өзбекстан).

+92 келі: Қамшыбек Қонқабаев (Қазақстан) – Лазизбек Муллажонов (Өзбекстан).

ФУТБОЛ

Бауыржан Исламхан ұлттық құрамаға шақырту алды

Екі жылдық допингтік дисквалификациясы аяқталған Бауыржан Исламхан Қазақстан ұлттық құрамасының алдағы оқу-жаттығу жиындарына шақырту алды.

Қарашаның 16-сы күні футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы Ташкентте Өзбекстан құрамасымен жолдастық кездесу өткізеді. Ал 19 қарашада Абу-Даби де Біріккен Араб Әмірліктерімен кездеседі. Осы ойындардың алдында бас командамыз Алматыда оқу-жаттығу жиындарын өткізбек. Бас бапкер Магомед Адиев оқу-жаттығу жиынына шақыртылған 25 ойыншының тізімін жариялады. Ұлттық құрама сапында екі жылдық дисквалификациядан кейін үлкен футболға оралуға мүмкіндік алған Бауыржан Исламхан да бар. Айта кетейік, соңғы рет Исламхан Қазақстан құрамасында 2020 жылдың қыркүйегінде Беларусь командасына қарсы ойнады. Жалпы, Ұлттық құраманың қатарында 46 ойын өткізіп, үш гол соққан.

– Бауыржан туралы көп естігенмін. Оның үлкен таланты мен мол тәжірибесі бар. Алдағы оқу-жаттығу жиынында физикалық дайындығын тексергім келеді. Өйткені, екі жылдай ойын тәжірибесі болмады. Алдағы ойындарға қаншалықты дайын екенін осы жиында білеміз, – деді Магомед Адиев.

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ:

Қақпашылар: Игорь Шацкий («Шахтер»), Данил Устищенко («Қайрат»), Александр Заруцкий («Астана»).



Қорғаушылар: Сергей Малый, Александр Марочкин, Бағдат Қайыров (барлығы – «Тобыл»), Абзал Бейсебеков, Михаил Габышев, Тимур Досмағамбетов (барлығы – «Астана»), Темірлан Ерланов, Дмитрий Шомко, (екеуі де – «Ақтөбе»), Нұралы Әліп («Зенит», Ресей), Сұлтанбек Астанов («Қайрат»).

Жартылай қорғаушылар: Асхат Тағыбергел («Тобыл»), Аслан Дарабаев, Исламбек Қуат (екеуі де – «Астана»), Бақтиер Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Рамазан Оразов, Максим Самородов (екеуі де – «Ақтөбе»), Эльхан Астанов («Ордабасы»), Бауыржан Исламхан (еркін ойыншы).

Шабуылшылар: Абат Айымбетов («Астана»), Абылайхан Жұмабек («Тараз»), Айбар Жақсылықов («Тобыл»), Артур Шушеначев («Қайрат»).

КӘСІПҚОЙ БОКС

Жәнібек Әлімханұлы чемпиондық жекпе-жекке шығады

Жексенбі күні таңертең, яғни қарашаның 13-і күні Лас-Вегаста WBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы британиялық Дензел Бентлиге қарсы жекпе-жекке шығады.

Кәсіпқой бокста 12 айкас өткізіп, барлығында жеңіске жеткен Жәнібек сегіз қарсыласын нокаутқа түсірген. Қарсыласы 19 айкасының 17-сінде жеңіске жеткен, біреуінде тең түсіп, біреуінде жеңілген. 14 кездесуін нокаутпен аяқтаған.

Жекпе-жек алдында екі боксшы көрермендердің алдында ресми көз түйістірді. Ал

одан кейін Әлімханұлы «мен оны құлатам» деп пікір білдірді.

– Қарсыласымның көзіне тік қарап едім, жанарынан өт көрмедім. Қарсы алдында кім тұрғанын біледі. Қазақ боксының қандай боларын да жақсы түсінеді. Мен оны құлатамын. Иә, айкас алдында ешбір боксшы артық мәлімдеме жасағысы келмейді. Ал мен ондай емеспін. Айттым ба, сөзімде тұрамын, – деді Жәнібек Әлімханұлы.

Айта кетейік, жерлесіміз өзінің чемпиондық белбеуін бірінші рет қорғайды. Ал жекпе-жекте тікелей эфирден елімізде «Хабар» телеарнасы арқылы тамашалауға болады.

ТЕННИС

Қазақстан әйелдер құрамасы Билли Джи Кинг кубогындағы жорығын тоқтатты

Әйелдер теннисінде ұлттық құрамалар арасындағы ең ірі турнир саналатын Билли Джи Кинг кубогы аруларымыз үшін топтық кезеңмен аяқталды.

Бұл күндері Шотландия астанасы Глазгода Билли Джи Кинг кубогы өтіп жатыр. 2020 жылға дейін Федерация кубогы аталып келген бөсекеге Қазақстан әйелдер құрамасы тұрақты түрде қатысады. Биыл финалдық турнирге дейін жеткен жерлестеріміз Испания және Ұлыбритания құрамаларымен бір топқа түсті. Регламент бойынша, плей-офф кезеңіне топ жеңімпаздары ғана жолдама алады.

Қазақстан әйелдер құрамасы турнирді сәтті бастады. Құрамында Елена Рыбакина, Юлия Путинцева және Анна Данилина өнер көрсеткен бас командамыз алдымен Ұлыбритания құрамасын 2:1 есебімен жеңді. Алайда, екінші текетіресте осы турнирдің бес дүркін чемпионы – Испаниядан 0:3 есебімен жеңіліп қалды. Ал біздің топтан плей-офф кезеңіне Ұлыбритания шықты. Өз кезегінде олар пиренейліктерді 3:0 есебімен тізе бүктірді.

Бетті әзірлеген Әзиз ЖҰМАДИЛ.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҮОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Аңыз» ТК:

- диспетчер
- сантехник іздейді.

8 705 254 20 51.

«Алматы технологиялық университеті (АТУ)» АҚ-ға:

- электронды оқыту бөлімінің басшысы;
- бағдарламашы-аниматор;
- сантехник;
- 2-ші санатты кітапханашы;
- жастар саясаты бөлімінің маманы;
- әдіскер;
- халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы;
- аккредиттеу және рейтинг бөлімінің жетекші маманы керек

8 707 149 69 99.

«Ұлттық өндіріп алу қызметі» ЖШС-ға:

- өндіріп алу жөніндегі маман қажет.

8 701 428 04 25.

Тігін және аяқкиім кәсіпорнына:

- тігінші;
- жұмысшы керек.

8 771 191 99 39.

«Жедел – Күзет» ЖШС-ға:

- жүргізуші-күзетшілер;
- күзетшілер;
- операторлар керек.

8 771 552 16 26.

Клинингік компанияға:

- еден жуушы қажет.

8 707 472 47 28.

«Глобус» кинопаркіне:

- бақылаушы;
- бармен;
- еден жуушы керек.

8 702 898 32 57.

«Almaty Resort» шипажайына:

- қызметшілер;
- асүй жұмысшылары;
- санитар;
- даяшылар керек.

8 701 794 90 56.

«Тәртіп» ЖШС-ға:

- арнайы техника жүргізушілері;
- жүк тиеушілер;
- автослесарь;
- токарьлар;
- автоэлектриктер;
- газбен дәнекерлеуші керек.

8 701 397 12 48.

«Обис» ЖШС-ға:

- құю желісіне операторлар;
- жүк тиеушілер;
- жиынтықтаушы;
- жүргізуші-экспедитор;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар керек.

8 701 710 50 35.

«Мерей-2030» ЖШС-ға:

- сантехник;
- дәнекерлеуші;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар қажет.

8 701 760 01 84.

«MAXIMA» сауда-ойын-сауық кешеніне:

- кезекші электрик;
- жеке көлік жүргізушісі керек.

227-33-06.

«Қазақстан Complex Business Solutions»:

- бухгалтердің көмекшісі;
- сатып алулар бойынша менеджер іздейді.

8 708 643 95 80.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

«Қазпошта» АҚ «Алматы поштамты» Алматы филиалы 2022 жылғы 16 қарашада Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 134 мекенжайындағы операциялық залда «Жазылушы күнін» өткізеді. Іс-шараның басталуы таңертеңгі сағат 10.00.

2022 жылғы 16 қарашада сағат 15.00-де 2023 жылға мерзімді басылымдарға жазылымды осы күні рәсімдеген жазылушылар үшін жүлделер ойнатылатын болады. Сонымен қатар, 2023 жылға жазылымды Сіз Алматы қаласының кез келген пошта байланысы бөлімшесінде және поштамтта рәсімдей аласыз.

Сіздерді күтеміз!

«Қазпошта» АҚ «Алматы поштамты» Алматы филиалы.

Анықтама телефоны: 259-88-99 (ішкі нөм.20100).

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына Карсакбаев Данияр Қурзихановичті қайтыс болды деп тану туралы жариялау түсті. Өтініш беруші Карсакбаев Ернар Қурзиханұлы, мекенжайы «Орбита-2» ықшам-ауданы, 10-үй, 98-пәтер. Карсакбаев Данияр Қурзиханович 02.11.1978 жылы туған, туған жері Семей қаласы, соңғы уақытта жұмыс істемеген. 02.11.1978 жылы туған Карсакбаев Данияр Қурзихановичтің тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар адамдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде мына мекенжай бойынша сотқа хабарласын: Алматы қаласы, «Орбита-2» ш.а., 22 «А» үй.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

АВТОБУС АПАТЫ
Жүргізуші 2 айға қамауға алынды

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



тежегіші істен шықты деген ақпараттың шындыққа жанаспайтынын хабарлады.

«Алматы қаласы тергеу сотының қаулысымен 11 қарашада сотқа дейінгі тергеу органдарының айыпталушы А-ға қатысты 2 айға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы өтініші санкцияланды. Күзетпен ұстау мерзімі 2023 жылдың 9 қаңтарына дейін белгіленеді», – деді Алматы қалалық сотының ресми өкілі Абай Жарылқасын.

8 қарашада қалада Төле би – Абылай хан көшелерінің қиылысында 2 автобус соқтығысып, 1 адам көз жұмып, 21 адам зардап шеккені белгілі.

Медициналық көмекке жүгініп, оның 9-ы ауруханаға жатқызылған болатын. «Алматы-электрөкөлік» ЖШС Алматыда соғылған автобустардың

Бас директор –

Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:

232-36-61.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел.: 232-36-53

Бас редактордың

орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел.: 232-36-51.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің

менеджері –

Дана ӘЛМЕШ

тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –

Алия ЕСИМХАНОВА

тел.: 232-36-51. e-mail:

aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022

ТАНЫМ

ТҮЯҚТАС –
ТЫҚЫЛДАЙТЫН АСПАПНұржамал
ӘЛШЕВА

Теледидарда үлкен оркестрдің орындауында концерт болып жатыр екен. Жанымда кішкентай қызым отырған. Домбыра, қобыз, сазсырнай сынды музыкалық аспаптарды көріп жүр ғой, ал үкілі тақия киген бойжеткеннің қолындағы бір-біріне соғып отырған тұяқтасын көргенде, оның қандай аспап екенін сұрады балам.



Ал мен сонша көп аспаптың, соншама көп өнерпаздың арасынан алақандай ғана затты байқап қалып, көз тоқтатып, қызықтап сұрағанына қуандым.

Ол тұяқтас деп аталатын музыкалық аспап екенін айттым. Қазақ бабасының сонау ескі замандарда көшіп-қонып жүріп-ақ соншалықты дана әрі шебер болғанын түсіндірдім. Қазақтың ұлы даласының дауысын, айналадағы құстың шиқылын, өзендердің сылдырын, қарлы боранның үнін де қазақтың халық аспаптарынан естуге болатынын да айттым.

– Бұл аспаптың дауысы ат жүргендегі тықылдайтын дыбысқа ұқсайды екен, ә? – деді сосын ол.


– Иә, балам, тұяқтастың үні – тықыл, – дедім зеректігіне тағы да қуанып.

Ата-бабаларымыз тастан да, ағаштан да, малдың терісі мен сүйегінен де, мүйізі мен ішегінен де музыкалық аспаптар жасай білген. Тұяқтас та қазақтың тұрмыс салтында бұрыннан бар аспап. Ұзатылатын қыз қоштасу әнін айта бастағанда, оны осы тұяқтаспен сүйемелдеп отыратын болған екен.

Ертеде аталарымыз мал тұяғын аяқ асты тастамай, оны да кәдеге жаратқан. Тұяқтасты жасаудың алғашқы процесі жаңа сойылған жылқының тұяғын кесіп алып, суға қайнатудан басталады. Ыстық суда әбден қайнаған тұяқтың ішкі сүйегі босап, сыртқы қабығы бөлектеніп түсіп қалады. Сосын ішін әбден тазартып, күн көзіне кептіреді. Шеберлер оның үні анық әрі таза шығу үшін бір немесе бір жарым жыл уақыт кептіру қажет дейді. Кепкен тұяқтың сыртқы бетін терімен қаптап, жоғалтып алмас үшін қайыс бау таққан. Бүгінде зергерлер сыртын металдан жасалған ою-өрнектермен, терімен, шашақтармен де безендіреді.

Сол тұяқтас бүгінгі күнге де жетіп, ұлт аспаптар оркестрлерінде кеңінен қолданылып жүр.

КИНОКЕҢІСТІК



ҚАЗАҚША «СӨЙЛЕЙДІ»

Досбол
АТАЖАН

«Қара қабылан: Ваканда жасасын!» блокбастері кино-театрларда қазақ тілінде көрсетіледі. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Абаев осы кинокартинаның премьерасында хабарлады.

Ол премьерә кезінде еліміз әлемдік деңгейдегі сапалы контентті қазақ тілінде ұсыну бағытында үлкен жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

«Қазақ тіліндегі кинокартиналарға сұраныс артып келеді. Халыққа рейтингі жоғары фильмдерді қазақ тілінде көрсету – идеологиялық тұрғыдан да аса маңызды. Осы мақсатта біз голливудтық жаңа туындыларды ана тілімізге дубляждау бойынша арнайы жобаны қолға алған едік. Тілге деген ең үлкен қолдау –

оны қолдану. Бүгінде ана тілімізде сөйлейтін жастар да, оны үйренгісі келетін өзге ұлт өкілдерінің де қатары артып келеді. Сондықтан қазақтілді контентті бірге дамытайық», – деді министр Дәурен Абаев.

Айта кеткен жөн, «Қара қабылан: Ваканда жасасын!» – Marvel студиясының қазақ тілінде шығарған 7-ші фильмі.

10 қарашадан бастап 16 жастан асқан көрермендер блокбастерді еліміздің барлық кинотеатрынан көре алады.

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ҮШІН

ӘДЕМІ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

Жер-Ана қойнауынан шығатын әрбір көкөніс не жемістің адамға берер пайдасы мол

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

АЛМА. Ол бет терісін нәрлендіреді, ылғалдандырып, жұмсартыды. Күніне бір реттен алма жеп отыру пайдалы. Алма бойдағы артық салмақты азайтады. Егер қолыңыздың терісі тітіркенген, не болмаса жарылған болса, алманың қабығымен қолдың терісін сүрткіңіз.

ҚИЯР. Одан алынатын шырын бетті ағартады және тегістейді. Безеу мен қара нүктелерден арыла алмай жүрген жан-дар үшін дерматолог-мамандар қиярдан дайындалған иісмайды қолдануға кеңес береді. Күніне 3 рет тамақ алдында тұзсыз қияр жеуді әдетке айналдырыңыз. Егер көз алдыңыз қарауытып немесе ісіп тұрса да, қияр пайдаға асады. Таңертең немесе ұйқы алдында, көзіңіздің үстіне қиярдан кесіліп алынған дөңгелекшені қойып, 15 минут жатыңыз.

СӘБІЗ. Гиппократ өмір сүрген тұста сәбіз көкөнісі түрлі аурулардың бетін қайтару үшін пайдаланылған. Ал Рим сұлулары бетті тегістету мақсатында сәбізге әртүрлі майларды қосып жаққан деседі. Тек бетке ғана емес, сұлулықтың қыр-сырын жақсы меңгерген орта ғасырдағы Рим сұлулары шаштарын жұмсарту үшін де бұл көкөністің көмегіне жүгінген.

ЖҮЗІМ. Оның сүйегінен шығатын майды косметикалық өнім шығаратын компаниялар қолданыстарынан еш уақытта шығарған емес. Сонымен қатар, дене күтіміне арналған иісмайлар мен

сусабындарды да қызыл жүзімнен жасайды.

БҮЛДІРГЕН. Салқын ауаның әсерінен болатын сыздауықтарға бүлдірген таптырмас ем. Сонымен қатар, бір кездері бетті торлаған безеулердің тесік орындарын жабуға да бүлдіргеннен жасалған маскалар пайдалы. Егер бетіңіздің терісі құрғақ болса, 3-4 бүлдіргенді әбден езіп, зәйтүн майымен араластыра отырып, бетке жағып көріңіз. Ал бет терісі майлы

болса, көрсетілген көлемде бүлдіргендерді езіп, йогурт сусынымен араластырасыз. Пайда болған қоймалжыңды бет терісіне жағып қойып, 20 минут демалыңыз. Еріннің жылтыр әрі әдемі көрінуі үшін де бүлдіргенді пайдалануға болады. Ол үшін бір ас қасық минералды суға бүлдіргенді езіп салып жіберіңіз. Кейін бұл шырынды ерінге жағып, 20 минутқа қалдыру керек. Ерін терісі жұмсартып, әдемі болып көрінетін болады.

